



АБАЙ

УНИВЕРСИТЕТІ



№ 2-3 (138-139)
наурыз март 2015

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің газеті

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!

Наурыз мереке дегеніміз, жыл қайырудың бір тәсіліндегі Жаңа жыл. Қазір кең тарап, қалыптасқан жыл қайырудың үш тәсілі бар. Оның бірі – календарлық жыл қайыру тәсілі. Бұл тәсілде, Жаңа жыл – 1 қаңтар болсын деп Петр патша тағайындаған. Тағы бір жыл қайыру тәсілі – өндірістік жыл қайыру. Бұл тәсілде Жаңа жыл, өндірістің ерекшелігіне байланысты календарлық жыл қайырудың кез келген мезетінде бола береді. Мысалы, бізде – білім ордысында оқу жылы 1 қыркүйекте басталады.

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕМЕСІ

Ал, Наурыз мерекесі – ғылыми жыл қайырудағы Жаңа жыл және 21, 22, 23 – наурызды қамтып, 3 тәулікке созылады. Ғылыми жыл қайыру – астрономиялық тәсілге, жұлдыздардың қозғалысы мен уақытты анықтауға негізделген. Біздің Күн жүйесіндегі жұлдызымыз – Күн. Күннің жыл бойында 4 ерекше орналасуы бар: олар – көктемгі мен күзгі теңестіктері және жазғы мен қысқы тоқырулары. Осылардың арасындағы тек көктемгі наурыз айындағы күн мен түннің теңесуінде ғана Күннің нүктесі (орталығы) Тоқтылар жұлдыз шоғырындағы бір жұлдызбен дәл түйіседі екен. Екі түйісу аралығы астрономия ғылымында Тропикалық жыл деп аталып, жыл мерзімінің ұзақтығы анықталады. Жыл ұзақтығы 365 тәулік 5 сағат 48 минут 46 секунд. Күн нүктесінің аталған жұлдызбен түйісуі 2013 және 2014 жылдары 22 – ші наурызға келді. Ал,

биыл 2015 – ші жылы осы түйісу 22-ден 23-ші наурызға қараған түнге дәл келеді. Сондықтан осы күндердің екеуінде де күн мен түн тең болады. Ақпан айы 29-ға толатын жылдары (2012, 2016, 2020...жж) осы түйісу 21-ден 22-ші наурызға қараған түнге келеді. Осы екі күнде де күн мен түн тең түседі. Наурыз мерекесінің үш күнге созылатыны осыдан.

Ата – бабаларымыз осы жағдайды көне заманнан білген. «Алла мінсіз, әуелде Пайғамбар – хақ. Мүмүн болсаң, үйреніп, сен-де ұқсап бақ» – деп ұлы Абай бабамыз айтқан еді.

*Жарық жылдамымен ұшатын,
Замандасың болса әлемде,
Қимылсыздық емес-пе екен
Дыбыспен жарысқан кезінде*

-деп ұлы Эйнштейн айтқан.

Осы бір қасиетті сөзге сәйкес және ұлы сөздерді бетке ұстап, бар Алла берген мүмкіндігімізбен білім үйреніп, еңбектеніп, бабаларымыздың жетістіктерін жалғастырып, ғылымның да, өмірдің басқа саласының да шыңынан көрінеміз. Бабаларымыз тағайындап кеткен Наурыз мерекесі – өзіміздің төл Жаңа жылымыз құтты болсын! Қой жылымыз баршамызға зор денсаулық, молшылық, береке, қуаныш әкелсін! Еліміздегі бейбіт – тыныштық ныға берсін!

Болатбек ҚАЛИЕВ

АТАДАН ЖАҚСЫ ҰЛ ТУСА, ЕЛІНІҢ ТУЫ БОЛАДЫ...



«Атадан жақсы ұл туса, елінің туы болады...» деп бабаларымыз өсиет еткен. Өзі үшін де, өзі өнген елі үшін де сарқылмас өмір ансаған Қорқыт, құбыла көшкен байтақтың ордасындай, темір жұмсап оқ атқан қорғасындай Бөгенбай, Кабанбай, Наурызбай мен Қарасай, халқың өміреніп сүйіп өткен, зар заманның өртіне күйіп өткен Әлихан мен Ахмет, бәрі азаттықты ансады. « Мәнілік ел « еді арманы!

Міне осындай қиын-қыстау кезеңде дүниеге келген, ата жұртының егемендік алуына ат салысқан, сонымен қатар ғылыммен айналысып артынан көптеген шәкірт тәрбиелеген және еңбектер жазған атамыздың бірі – Әбдуәлі Қайдар. ҚР ҒА академигі, филология ғылым-

дарының докторы, профессор, атакты турколог Әбдуәлі Қайдар атамыз 90 жасқа толды. Осындай қуанышты сәтті бөлісу үшін, Көптілілі білім беру институтының студенттері мен « Кәсіби шетел тілі коммуникациясы және аударма ісі» кафедрасының ұйымдастыруымен кездесу өтті. Кездесуге Әбдуәлі Қайдар атамызбен бірге жұбайы Алтынбекова Шекер Исақызы да қатысты. Ұлы Отан соғысының ардагері, Башқұртстан Республикасының құрметті академигі, көптеген монографиялардың авторы, қазақ тілімен бірге ұйғыр тілін де зерттеген атамыз өзінің соғыстағы кездерін, ғылыммен қалай айналысқанын, өткен өмірінің қалай болғанын, жұбайымен қалай кездесіп танысқанын әңгімелеп

берді. Кездесу барысында студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды, сұрақтар қазақ тілі мен қоса ұйғыр тілінде де қойылды. Атамыз ұйғыр тілінде оқып, зерттеп жақсы меңгерген екен. Көптеген тілектер мен атамызға арналып өлең шұмақтары оқылды. Сонымен қатар « Қазақстан « телеарнасы арнайы келіп Әбдуәлі Қайдар атамызбен сыр-сұхбат жүргізді. Атамызға арнап әндер айтылып, күй шырықалып, би де биленді.

Кездесу соңында, Көптілілі білім беру институтының директоры Танат Тәңірбердіқызы Аяпова сөз сөйлеп атамызға өз қошеметін білдірді.

Туған халқын, ұлан-ғайыр қазақ даласының иесі – қалың елін бүкіл бітім-болмысымен құлай сүйген, сол байтақтың киесіне айналған Әбдуәлі Қайдардай қайраткер де туа бермес деп ойлаймыз. Әбдуәлі Қайдармен кездесу көптеген студенттердің болашақта ғылыммен айналысуына зор үлесін қосты.

Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болу керек. Әрине, адам біліп үйренуі қажет. Білімсіз - ғылымсыз өнер табылмайды. Сол алған білімін, өнерлерін адал еңбекпен жаратылыстың мол байлығын пайдалануға салып жүрген Әбдуәлі Қайдар атамыздың еңбектері де көбейіп, жасы да ұзақ болсын демекпіз!

Сахибам ХАМПАЕВА,
студент

АРУЛАР АСЫЛ ЖАНДАР, ШУАҚ БОЛ ШАШЫЛҒАНДАР

Көктеммен бірге көңілге қуаныш сыйлай келетін 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерейлі мерекелердің бірі де бірегейі. Биыл да атаулы күнге орай бір қалымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербеткен арақтық аналар, ақ жазулықты әжелер, әдемі де аяулы қыз-кейпішектер асқан құрметке бөленіп, құшақтары гүлге толуда. Дәстүрден жаңылмай біздің университеттің ұжымы да үлкен мәжіліс залында ректор Серік Пірәлиевтің қатысуымен Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты шара өтті.



– Қымбатты ханымдар! Қадірлі көпшілік! Бүгін Сіздер мен біздер 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнін салтанатты жағдайда, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алғалы отырмыз.

«Бүкіл әлем күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен жаралған», - деп орыстың ұлы жазушысы Максим Горький айтқандай, біздің тіршілігімізді тірілтіп, өмірімізді нәрлендіріп тұрған ана-әйелдер екені белгілі. Қай заманда да олар тек от-басы, ошақ қасында қалып қоймай, ерлермен бірдей ел тағдырына, жер тағдырына, мемлекет ісіне араласып келеді. Көне тарихтың қатпарларына көз жіберіп қарасаңыз сонау ықылым замандарда Ұмай ананың, Тұмар патшалардың ел мен жердің тұтастығы, халықтың ынтымағы мен бірлігі үшін толарақтан қан кешіп, тобығымен саз илеп, аса көрнекті тұлғаларға айналғанын көре едіңіз. Ардан сан мыңдаған жылдар өтсе де олардың есімі тарихтың төрінде, ұрпақтардың жүрегіне мәңгі өшпестей болып жарқырап тұрғаны тегін емес. Өзінің ақылдылығымен, даналығымен дараланып, қазақ әйелдерінің шоқтығын биіктеткен Домалақ ана – Нұрила апамыздың ұлылығы да сан жылдар бойы темірқазықтай айналаға жарық сәулесін шашып келеді. Ел басына күн туып, «ат ауыздығымен су ішкен» қиы-қилы кезеңдерде Қобланды бағырдың жан серігі Қыз Құртқа, Алпамыс батырдың жан жары Гүлбаршын, Ертарғынның жұбайы Ақжүніс сияқты апаларымыз еріне ғана емес, еліне де қорған болып, тарихта қалуы – тағы да сол аналарымыздың асқақтығын, қаһармандығын паш етсе керек.



Басқаны былай қойғанда, кешегі өткен Ұлы Отан соғысында неміс-фашист басқыншыларына қарсы алапат шайқаста «Шығыстың қос шынары» атанған Кеңес Одағының Батырлары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың, қазақтың жау-жүрек ұшқыш қызы, Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанованың зұлмам жауды баудай түсіріп, қайталанбас ерліктің үлгісін көрсетуі қазақ қыздарының ғана емес, ісі қазақ халқының абыройын асқақтата түкенін біз бүгін мақтанышпен айта аламыз.

Тарихтың небір қилы кезеңдерінде біздің аналарымыз бен апаларымыз барлық атсалысып келеді. Ұлтымызды ұлықтап, ар-



қиыншылықты еңсеруге ерлермен бірдей намысымызды асқақтатып, ұрпағымызды өрбітіп, елділігімізді сақтап келе жатқан да солар. Бейбіт еңбек майданында да ерлік көрсетіп, ер атанған Қамшат Дөненбаева, Наталья Геллерт, Зылика Тамшыбаева сынды апаларымыздың ерен істері де бүгінгі және келешек ұрпаққа өнеге болып қала беретіні сөзсіз.

Қазіргі таңда да әйел-аналарымыздың тәуелсіз еліміздің қоғамдық өміріндегі орны мен ролі ерекше. Бүгінде әйелдер отбасының ұйытқысы ғана емес, ол – еңбеккер, ол – ғалым, ол – мемлекет және қоғам қайраткері, ол – тіршілігіміздің тірегі. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және ғылым, өнер салалары қызметкерлерінің басым көпшілігі әйелдер.

Елбасымыз бен Үкіметіміз әйелдер ісі және гендерлік саясат, әйелдердің құқығын қорғау, денсаулығын жақсарту, әлеуметтік қолдау мәселесіне айрықша көңіл бөліп келеді. Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдаулары әйел-аналарға деген қамқорлыққа толы. Бүгінгі аса күрделі кезеңде әйелдер тіршілігіне қатысты қиы-қилы проблемалар туындауда. Әрине, оның бәрі Мемлекет басшысын толғандырмай отырған жоқ.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде бүгінде мыңнан астам апаларымыз, қарындастарымыз қызмет істейді. Көпшілігі ғылым докторлары, профессор-лар, ғылым кандидаттары, доценттер.

Олардың бәрі де өздеріне тапсырылған жауапты міндеттерді абыроймен атқарып, университет ұжымында сый-құрметке бөленіп жүрген жандар.

Баршаңызды көктемнің көрікті мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. «Әйелдер-ай, әйелдер-ай, қандайсың, әдемі боп кетіпсіңдер арқайсың!» - деп ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай, бәріңіз де көктемнің шуақты күніндей күлімдеп, әдемі боп жүрулеріңізге, бақыт пен шаттықтың нұрына бөленулеріңізге тілектеспін, - деген Серік Жайлауұлы барша әйелдер қауымын мерекелерімен құттықтады. Мерекелік кеш барысында елімізге танымал әншілер мен бишілер бірінен соң бірі сахнаға шығып, ақ тілектерін жолдап, әсем ән мен мың бұралған билерімен шашу шашты.

(Басы. Соңы 2-бетте)
Елдар БОЛАТУЛЫ

УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

ЕРМАХАН БЕКМАХАНОВҚА АРНАЛДЫ

Наурыздың 11-і күні университетіміздің үлкен мәжіліс залында «Қазақ хандығы (X II – XVIII ғ.ғ.): ұлт тарихының маңызды кезеңі» атты ұлы ғалым Ермахан Бекмахановтың 100-жылдығына және Халима Бекмұханованың 90-жылдығына арналған Республикалық ғылыми практикалық конференция болып өтті.

Конференциясының ашылу рәсімінде университет ректоры, академик Серік Пірәлиев, профессорлар Бейімбет Ермұханов, Мәмбет Қойгелдиев, Бағлан Әбдіғұлова, Лаззат Жаналина, Ұлтай Жанпейісова сөз сөйледі, сонымен бірге университет оқытушылары мен студенттері де белсене қатысты.



Б.СМАНОВ – ЖАМБЫЛ АТЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ

XX ғасырдың Гомері атанған ұлы жырышы, ақын, Жамбыл Жабаевтың тағлымы мол бай мұрасын жаңғыртып, халық арасында насихаттап, таратуға сіңірген еңбегі үшін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Аппарат жетекшісі, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық Ш. Айтматов академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бақтияр Өрісбайұлы Сманов Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың лауреаты атанды.



Бақтияр Сманов Жамбыл шығармашылығын насихаттаумен және оны орта мектепте оқыту әдістемесін жасаумен 1978 жылдан бері үзбей айналысып келеді. Осы мәселелер бойынша теле және радио хабарлар, арнаулы бағдарламалар жүргізуге қатысты, ондаған ғылыми мақалалары жарық көрді. Осы жылдарда ғалым Бақтияр Сманов бірнеше дүркін қайта басылған қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы арналған «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың әдістемелік нұсқаулық кітабында арнайы тарау ретінде Ж.Жабаев шығармашылығын оқытудың нақтылы әдістемесін жасап берді. Бүгінде орта мектептер жыр алыбы шығармаларын оқытуда осы әдістемені пайдаланып келеді.

Сондай-ақ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, академик Серік Жайлауұлы Пірәлиевтің тікелей басшылығымен осы оқу орнында 2011 жылы «Жамбылтану және халық ақындары» ғылыми-зерттеу институты ашылса, бұл ғылыми-зерттеу мекемесінің қалыптасуына профессор Бақтияр Сманов та айтарлықтай үлес қосты. «Жамбылтану және халық ақындары» ғылыми-зерттеу институты (директоры – филология ғылымдарының докторы, профессор Б. Ыбырайым) аз уақытта Жамбыл Жабаевтың 4 томдық шығармалар жинағын және 1 томдық библиографиялық көрсеткіштерін баспадан шығарып үлгерді. Бұл жинаққа Жәкеннің бұрынғы жинақтарында жарияланған өлең-жырларымен қатар, бұрын еш жерде жарық көрмеген көптеген шығармалары енгізілген. Сондай-ақ жыр алыбының өңдері мен күйлері нотасымен тұңғыш рет жарияланып отыр.

Б.Смановқа сыйлықты Жамбыл атындағы Қордың директоры жазушы Н.Қапалбеков табыс етті.

Профессор Б.Смановты лауреаттығымен құттықтай отырып, оған жаңа шығармашылық табыстар тілейміз.

АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

12 наурыз күні Тәрбие басқармасы және Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп ұйымдастырылған Ұлы Отан соғысының 70-жылдығына орай Алматы қаласы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагерлерімен кездесу өткізілді. Шара барысында Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әзірленген деректі фильм «Чекисты Алматы – безопасный город. Антитеррористическая операция» атты бейнеролигін көруді ұсынды.



«ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА»

27 наурызда Тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту басқармасы Тәжірибе және жұмыспен қамтамасыз ету бөлімімен бірлесіп ұйымдастырумен «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында университетіміздің бітіруші түлектерімен кездесті.

Дөнгелек үстел жұмысына Медеу аудандық «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Ғ.А. Майлыбаев, Медеу аудандық жұмыспен қамту орталығының бастығы М.Д. Малғараева қатысты.

Дөнгелек үстел жұмысы барысында жастарды жұмыспен қамту, оларды ауылдық елді мекендерге барып еңбек етуге шақыру, дипломы бар жас мамандар үшін жасалып жатқан жағдайлар мен ауылдардың даму болашағы туралы тұжырымды ойлар талқыланды.

Өз тілшімізден

ТӘРБИЕ ЖЕТЕКШІЛЕРІ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

Наурыздың 16 мен 31 күндері аралығында университеттегі жастарды тәрбиелеуде тәрбие жетекшілерінің біліктілігін көтеру, тәрбие жетекшісі жүйесінің жұмысын жандандыру, тәрбие жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсету, мақсатында Тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен тәрбие жетекшілеріне арналған мастер-кластар мен семинар-тренингтер өтті. Аталған мастер-кластар мен семинар-тренингтерді «Тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту» басқармасының «Педагогика» және «Мәңгілік ел және өзін-өзі тану», «Анатомия, физиология, гигиена және тіршілік қауіпсіздігі» кафедраларының, «Психология» ҒЗИ, «Абайтану» ҒЗО, «Алдын алу суицидологияның ғылыми-техникалық зертханасының білікті мамандары жүргізді. Атап айтқанда, 16 наурыз күні «Анатомия, физиология, гигиена және тіршілік қауіпсіздігі» кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Балғымбеков Шамшидин, Қонақбаев Амантай «Саламатты тамақтанудың қағидалары және тағамды құнарландыру» тақырыбында мастер-класс өткізді. Мастер-класс барысында денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығы мен салауатты өмір салтын ұстануға, дұрыс тамақтану арқылы әртүрлі ауру түрлеріне қарсы тұру жолдары түсіндірілді. Әлем халқының тамақтануы мен қазақ халқының тамақтануын салыстырып, диаграммамен сызып көрсетті және де артық салмақ бойынша да кеңестер бере отырып дәріске қатысушыларға өздерінің салмақ көрсеткіштерін есептеп көрсетті. Дәріс соңында «Азық-түлікті қауіпсіздендірудің негізгі ережелері», «Қалыпты салмақты бақылау», «Салауатты тамақтану және тағам өнімдерінің қауіпсіздігі», «Жүрек-қан тамыр ауруларының алдын алудағы тамақтану», «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі» және тағы да басқа тақырып бойынша қажетті де, қызықты нұсқаулықтар таратылды.

Мазмұнды да мағыналы өткен тақырып бойынша дәріске қатысушылар жақсы әсер алып, өздерінің ойларымен бөлісіп, пікірлерін алмасты.

17 наурыз күні химия ғылымдарының кандидаты, профессор Сейтжанов Әзімхан «Жемқорлық қоғам мәніндегі» тақырыбында семинар өткізді. Семинар барысында Елбасы Н.Назарбаевтың жариялаған жемқорлықпен күрестің жалпыұлттық жоспары өңгіме тиегіне айналды. «Ғасыр дертіне» айналып бара жатқан мәселені дер кезінде қолға алу шаралары туралы айтылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызмет» туралы Заңы талқыланды.

18 наурызда Суицидологияның алдын алу ғылыми-техникалық зертханасының директоры, психол.ғ.д., профессор Каримова Раушан «Превентивная профилактика психологического здоровья современной молодежи» тақырыбында мастер-класс өткізді. Мастер-класс барысында суицид ұғымы мен суицидальді синдромға түсінік беру арқылы негізгі проблемалар айтылды.

Бұл проблеманы әлеуметтік – философиялық және психотерапиялық тұрғыдан сараптап, жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсау әрекетіне баруға әсер ететін қоғамдық факторларды анықтау маңызды екендігін айтып, қазіргі таңда психолог мамандардың алдында тұрған басты мақсаттың бірі екендігін түсіндірді. Суицидальді әрекеттің түрлерін,



суицид себептерін 3 топқа бөліп қарастырып, суицидальді әрекеттің алдын алу мәселелеріне тоқталды. Ғаламтор желілеріндегі суицидке байланысты материалдардың жастарға кері әсерін тигізетіндігін назардан тыс қалдырмады.

19 наурызда Психология ҒЗИ институт директоры, психология ғылымдарының докторы, профессор Намазбаева Жәмила «Психологические проблемы этнокультурных основ учебно-воспитательного процесса» деген тақырыбында семинар-тренинг жүргізді. Семинар-тренинг барысында психологияның адам мәдениетіне әсер ету жолдары түсіндірілді. Білікті маманның қоғамда өзін-өзі қалай ұстауы жөнінде, студенттер мен қалай жұмыс істей алуы керек жөнінде бағыт бағдар берді. Семинар соңында семинарға қатысқан тәрбие жетекшілеріне өздерінің біліктілігін тексеру жайлы тапсырма беріліп, талқыланды.

20 наурыз күні «Жалпы педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Баймолдаев Тұрсынбек мен педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Қиясова Бақыт «Психолого-педагогические основы» тақырыбында мастер-класс өткізді. Мастер-класс барысында Б.Т. Молдаханұлы басқарудың әлеуметтік бағыттары жөнінде, басқарудағы қазақ менталитетінің алатын орны және оқыту мен тәрбие барысындағы басқарудың педагогикалық-психологиялық алатын орны туралы айтып өтті.

26 наурыз күні Жалпы педагогика және психология кафедрасының доценті, п.ғ.к. Әбішева Жеңісқұл «Телесно – ориентированная психотерапия «Типы студентов» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Тренинг барысында В.Райхтың және В.Басковтың

«Денеге бағытталған терапия» бағытына тоқталып, қазақ елінің этнопсихологиясының дене мәдениетінің тәрбиелік мәні мен маңызы жайлы айтылды. Бала мен ананың арасындағы қарым-қатынасына мысалдар келтіріп, жағдайларға бөлді. Студенттердің ішкі дүниесін түсінуге қандай жұмыстар жүргізуге болатындығын айтып өтті.

Студент жастардың мінез-құлқын, жандүниесін түсінуге қажетті жасалынатын шаралар көрсетілді. Кішігірім тест арқылы қатысушылардың мінез-құлқын анықтап, сипаттауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ сұрақтар қойылып, тәрбие жетекшілері өз ойларымен бөлісті.

27 наурыз күні «Абайтану» ҒЗО орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Шойынбет Жабай «Абай-абсолютті жырлаушы» тақырыбында мастер-класс жүргізді. Абайдың қарасөздері арқылы адамтану мәселесіндегі еңбек, ақыл-ой тақырыбына байланысты айтылған ой-пікірлерін қарастырып, өз жерінен шыққан ұлы адамдар өмірі мен шығармашылығын сүюге, бағалай білуге, өнер-білімге, инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу керек екенін айтып өтті.

30 наурыз күні Мәңгілік ел және өзін-өзі тану кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор Жампейісова Қорлан «Современные аспекты формирования национального самосознания будущих специалистов» тақырыбында мастер-класс өткізді. Дәріс барысында білім алушы жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, болашақ маман тұлғасының зияткерлік әлеуетін дамыту мәселелері талқыланды.

31 наурыз күні Тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту басқармасы бастығының орынбасары Бекбөкетов Қазына «Студент жастардың жазғы маусымда бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру» тақырыбында мастер-класс өткізді. Мастер-класс барысында жастарды жазғы маусымда жұмыспен қамту және оларға материалдық қолдау көрсету бойынша нұсқаулар берілді.

Шолпан ШЫНЫБЕКОВА

МАРАПАТТАУ РӘСІМІ

Университет ректорының 2015 жылғы 02 ақпандағы № 151 бұйрығымен 8 Наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстарымен кәсіптік мамандар даярлауда сіңірген еңбектері үшін және университеттің қоғамдық өміріне белсене атсалысқаны үшін төмендегі қызметкерлер университет әкімшілігі тарапынан марапатталды:

(Соңы. Басы 1-бетте)

«ҰЗІК ҰСТАЗ» ТӨСБЕЛГІСІМЕН:

- Оразбекова Күләш Айтмолдақызы** – Жалпы педагогика және психология кафедрасының профессоры;
- Савельева Вера Владимировна** – Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры;
- Балахметова Гүлнәр Қажаметқызы** – Тарих және шетелдік студенттермен жұмыс факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- Кенжебаева Зара Сағындыққызы** – Ботаника және зоология кафедрасының университет профессоры;
- Абдренова Күлмесхан Әуелханқызы** – Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлаудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының доценті марапатталды.

«ҰЗІК ҚЫЗМЕТКЕР» ТӨСБЕЛГІСІМЕН:

- Акмурзина Рита Сарсенқызы** – Білімгерлерді қабылдау мен маман даярлауды бақылау орталығының қабылдау комиссиясы пунктін жетекшісі;

- Раймаханова Оразхан Тоқанқызы** – Сауықтыру дене мәдениеті кафедрасының аға лаборанты;
- Мушканова Нина Қазенқызы** - № 1 оқу ғимаратының меңгерушісі;
- Құтмағанбетова Клара Кәрімқызы** - № 2 жатақхананың қызметкері марапатталды.

УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫНЫҢ «КҮРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН»:

- Сәлғожа Индира Тойшыбекқызы** – Пәндерді оқытудың әдістемесі (математика, физика, информатика) кафедрасының аға оқытушысы;
- Талдыбаева Айгерім Қожақметқызы** – Көптілді білім беру институты директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- Қасымбекова Айгүл Талғарбекқызы** – Кәсіби шетел тілі коммуникация кафедрасының аға оқытушысы;
- Молдахметова Жанар Еспайқызы** – Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы;

- Сайдинова Анара Байұзаққызы** – Мектепке дейінгі бастауыш білім беру теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы;
- Дағирова Құрманқұл Сабырханқызы** – Студенттік бөлімінің бастығы;
- Терехина Людмила Николаевна** – Кітапхананың сектор меңгерушісі;
- Исабекова Төлеш Шәкәтайқызы** – Психология ғылыми-зерттеу институтының инспекторы;
- Қарбаева Бибігүл Мұхаматқалиқызы** – Қаржы-экономика басқармасының экономисті марапатталды.

УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫНЫҢ «ГРАМОТАСЫМЕН»:


- Айбергенова Мөлдір Ақтанқызы** – Кадр бөлімінің инспекторы;
- Асанова Меруерт Нұрланқызы** – Тіркеу басқармасының әдіскер-тіркеушісі;
- Бақетова Макпал Әленқызы** – Оқу бөлімінің инспекторы;
- Қыстауова Гүлбағдат Ерментайқызы** – «Ұлағат» баспасының технологиясы.

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰПУ-НІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ КӨКЖИЕГІНЕ ЖЕТЕР БІР БЕЛЕС

Абай Университетінің тарихында айтарлықтай орны бар Жаратылыстану және география институтында наурыз айының 3-6 күндері аралығында Халықаралық ASIIN (Германия) аккредитациялау комиссиясының тексерісінен өтті. Аталмыш комиссия құра-

кіндіктері әріптестік орнатуға алғы шарттары, жаңа замандағы технологиялармен жабдыктарды қолдану, оқу және білім беру саласын ұтымды басқару мен тиімді ұйымдастыру. Институтта жұмыс істеп жатқан лабораториялармен студенттерге арналған кітапханамен та-

курстағы студенттермен еркін пікір алмасуы үлкен қызығушылықты тудырса, аталмыш аккредитациядан өткізу шарасы, институтымыздың өз мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, қазіргі жаһандық заманда көшбасшы әрі озық ғылымға ерекше мән берілетін Еуропа елдерінің үздік үлгілерінен үйрене отырып, отандық білім жүйесінің ерекшеліктерін дамыта түсу. Жаратылыстану және география институтының басшылығы, ПОҚ және студенттері мен магистранттары пікір алмасу барысында біздің студенттердің ағылшын тілінде салмақты ой бөлісіп тәжірибелермен алмасуына ризашылығын білдіріп жатты. Біздің жас болса да, берік қарқынды дамып келе жатқан еліміздегі тұңғыш білім ордасындағы институттың алдына қойылған нақты міндеттер мен мақсаттар дүниежүзілік білім көкжиегі атты асуы биік шыңдарды бағындырып, білім жарыстыратын заманға аяғымызды нық басып, халқымыздың ғылымы үшін маңызды жаңалықтар мен үздік жоба-



мында төмендегідей профессор, ғалымдар қызмет атқарып, Жаратылыстану және география институтының тексерістен өтуіне септігін тигізді. Вюцбург университеті Герман География қауымдастығының 1-ші президенті профессор, доктор Дитер Бон, Бремен университеті, Бремен биопроцестерді дамыту бөлімінің директоры, профессор, доктор Инго Эйлькс, Нойбранденбург қолданбалы ғылымдар инженерлік ғылымдарының докторы, профессор Тобиас Хиллмен, Бремен қолданбалы ғылымдар университеті, Кельн университеті, биоорталық директоры, халықаралық ірі химиялық концерн Дистрих Шерцер, Дрезден технологиялық ғылымдар университеті, профессор, доктор Марина Фогел, Халықаралық ASIIN аккредитациялау комиссия торағасы, доктор Георг Эбертсхаузер, техника ғылымдарының магистрі Астафена Екатерина ғалымдардың бастауымен институтымыздың география, химия, биология, бакалавр және магистратура мамандықтарына қойылған талаптарда келесідегідей мәселелер қарастырылды. Университетіміздің болашақта даму мүм-



нысу; институтымыздың құрамында жұмыс істейтін жеті кафедраның жетекшілерімен қызметтерін әрі модульді бағдарламалармен танысу; бітіруші түлектердің емтихан материалдарының меңгеру аясын анықтау болып табылды. Сарапшылардың тарапынан институтымызда білім алып жатқан түрлі

лардың ашылуына кең ашылатын мүмкіндіктердің игі бастамасы болары анық.

Х.Н. ЖАНБЕКОВ,
Жаратылыстану және география институтының директоры профессор

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС АЯСЫНДАҒЫ ШАРАЛАР

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық қоғамымызды қатты алаңдатып отырған келенсіз көріністердің бірі екені еш жасырын емес. Бұл қылмыс түрімен қоғам болып күресу мақсатында көп іс-шаралар қолға алынауда. Өйткені, Елбасы Н.Назарбаев «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі» деп атап көрсеткен болатын. Қолға алынған

ак қойылған балды ешкімнің өзгертуге мүмкіндігі болмайды. Сессия уақытында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында акция өткізілді. Әр сессия сайын Жастар ісі жөніндегі комитет студенттер арасында әлеуметтік сауалнама жүргізіліп тұрады.

Тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту басқармасымен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия, Жастар ісі жөніндегі комитет-

басқармасы қызметкерінің қатысуымен дөңгелек үстел өткізіліп, Тәрбие ісі жөніндегі проректор, профессор Ж.Е. Шыпекбаев университетімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күрес жүргізу бойынша арнайы комиссия құрылғандығын, құқық қорғау органдары, Ұлттық Қауіпсіздік комитеті өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер, семинарлар, кездесулер т.б. шаралар өткізілетіндігін туралы айтып өтті. Дөңгелек үстелек Медеу аудандық Ішкі істер басқармасының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция лейтенанты Л.М. Сламжанова өз ойларымен бөлісті.

Дәл осындай шара 31 наурыз күні ұйымдастырылды. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты жолдауының аясында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын талқылау бойынша кездесу болды.

Аталған кездесуге ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің – Алматы қаласы бойынша Тәртіптік Кеңес торағасы Бақтыяр Камалов және Ал-



қатаң іс-шаралар кешенінің арқасында мемлекеттік деңгейде күшейген сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес біздің университетімізде де жолға қойылған.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу және оның алдын алу мәселесіне, сонымен бірге қызметкерлердің қызметтік этиканы сақтау мәселесіне ерекше назар аударылады. Аталған келенсіздікпен күрес жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында Университет ректорының 2015 ж. 10 ақпандағы №01-05-28 бұйрығына сәйкес Бірінші проректор М.Е. Ермағанбетовтың төрағалығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия құрамы жаңартылып, қайта құрылды.

Оқу ғимараттарында, жатақханаларда жемқорлықтың алдын алу мақсатында жарнамалық плакаттар ілініп, әр оқу ғимаратында Ректордың сенім жәшігі мен Студенттердің жеке кодтары арқылы жұмыс істейтін баға терминалдары қойылған. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға тікелей ықпалын тигізетін механизм болып табылады.

Емтихан өткен күні тіркелген балл шамасын студент кез келген уақытта терминалдар арқылы біле алады, сондай-

пен бірлесіп отырып жұмыс жоспарына сәйкес жемқорлықпен күрес мақсатында



акциялар, лекциялар, әңгімелер, пікір таластар, дөңгелек үстелдер өткізді және осы шараларды өткізу барысында «НұрОтан» партиясының басатұйыш ұйымының бюро мүшелері, құқық қорғау органдарының өкілдері шақырылып қатыстырылды. Атап айтқанда, 17 наурыз күні «Жемқорлық – індет, оны жою – міндет» тақырыбында ішкі істер

маты қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры Сейтов Совет шақырылды.

Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз.

Қазына БЕКПЕНБЕТОВА

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ

Жақында университетіміздің Тәрбие ісі жөніндегі проректоры Жанапбек Ішпекбаевтың төрағалығымен Ардагерлер кеңесінің отырысы болып өтіп, профессор Жұмаділ Шілдебаев кеңестің төрағасы болып сайланды.



Тәрбие ісі жөніндегі проректор әуелі бұған дейін Ардагерлер кеңесінің төрағасы болған Саякбай Жұмабайұлының өмірінің соңына дейін осы қызметті абыроймен атқарғандығын сөз ете келіп, күн тәртібіндегі жаңадан төраға сайлау мәселесіне тоқталды. «Оқу ордамыздағы іргелі шаралардың ұйытқысы болған қадірлі ағамыз Саякбай Жұмабайұлының дүниеден озып кеткені барлығымыздың қабырғамызды қайыстырады. Үлкен жүректі ұстазымыздың жетекшілігімен жүзеге асқан игі істерді одан әрі жандандыру үшін бүгін біз университет Ардагерлер кеңесінің төрағасын сайлауға жиналып отырмыз. Жауапкершілігі мол үлкен тәжірибені талап ететін бұл қызметке университетіміздің құрметті кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жұмаділ Шілдебаевтың кандидатурасын ұсынамын» деді ол.

Одан кейін университет Ардагерлер кеңесінің мүшелері сөз алды. Атап айтқанда филология ғылымдарының докторы профессор Темірхан Тебегенов, тарих ғылымдарының докторлары профессорлар Бақытжан Аққосов пен Е.А. Кузнецов, тағы басқалар профессор Ж. Шілдебаевтың кандидатурасын қолдайтындықтарын жеткізді және ардагерлер көңілінен шығатынына сенімдерін білдірді.

Дауысқа салу барысында Жұмаділ Шілдебаев Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Ардагерлер кеңесінің төрағасы болып бірауыздан сайланды.

Ардагерлер кеңесінің төрағасы
Жұмаділ Шілдебаевтың қысқаша өмірбаяны:

1972 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің Жаратылыстану-география факультетін, 1978 жылы ҚР Ғылым академиясы зоология институтының аспирантурасын бітірген. Доцент, профессор. 2007 жылдан педагогика ғылымдарының докторы.

Зоология және Қазақ өсімдік қорғау ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер (1985-1990 жыл). Абай атындағы ҚазПИ-дің доценті, профессоры (1991), «Ландшафттар экологиясы және қоршаған ортаны қорғау»- оқу-әдістемелік зертхананың жетекшісі (1993-2003). Химия және биология, география-экология факультетінің деканы (2008-2011). Соңғы жылдары Магистратура және PhD докторантура институты, жаратылыстану мамандықтары кафедрасының меңгерушісі (2011-2013). «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік гранттың иегері (2007). Қазақстан халықтық «Экология» академиясының академигі. 2013 жылдан бастап құрметті кафедра меңгерушісі, профессор.

«Қазақстанның жануарлар дүниесінің экологиясы және оны қорғау»-мәселелері бойынша іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты. 10-нан астам жыл ғылыми экспедицияларды басқарып, Қазақстанның барлық аймақтарында ТМД елдерінің белгілі ғылымдары мен бірлесіп отырып, зерттеулер жүргізген. 3 іргелі ғылыми жобалардың жауапты орындаушысы (оның 3-і Абай атындағы ҚазҰПУ-де).

Кандидаттық диссертация тақырыбы: «Оңтүстік Қазақстанның ауыл шаруашылығына зиянкес жәндіктердің экологиясы» (1982).

Докторлық диссертация тақырыбы: «Оқушыларға экологиялық білім беру теориясы мен әдістемесі» (2007) (130001-Педагогика; 130002- Оқыту әдістемесі шифрлары бойынша).

5 ғылым кандидатын, 2 PhD докторларын даярлаған. 170-тен астам ғылыми әдістемелік мақаланың авторы, 3 монографиясы, 13 оқулық пен 27 оқу-әдістемелік оқу құралдары жарық көрген. Оның ішінде мектепке арналған «Экология» (9-сынып) «Биология» (11-сынып) және т.б. жаңа буын оқулықтарының авторы.

ҚР Білім және Ғылым Министрлігі бекіткен ЖОО-на арналған «Биогеография», «Жалпы экология», «Экология және табиғатты тиімді пайдалану», «Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және биоалуантүрлік», «Экология және тұрақты даму» және т.б. жоғары мектепке арналған оқулықтардың негізгі авторларының бірі. Панфилов ауданының құрметті азаматы.

Б.ЖҒЫНЫҒҰЛЫ

ЖАС АҚЫН БАС ЖҮЛДЕНІ ЖЕҢІП АЛДЫ

Жамбыл облыстық әкімдігі ішкі саясат басқармасының ұйытқы болуымен Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінде Қазақ хандығының 550 жылдығына, Ұлы Женістің 70 жылдығына арналған «Тәуелсіздік-тарихтан жеткен ұлы сый» атты ақындық айтысында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша 1-курс магистранты Қанат Мырзаханұлы Бас бәйгені жеңіп алды.



Қанат Мырзаханұлы өзінің талантымен ерте танылған ақын. Жас ақындардың республикалық, облыстық айтыстарында топ жарып жүрген Қанат «Хабар» телеарнасы ұйымдастырған «Жастар жырлайды» айтысының екі дүркін жеңімпазы. Алматыда, Астанада, Семейде, Шымкентте, Таразда, Ақтауда, Талдықорғанда өткен әр деңгейлі айтыстарда мерейі үстем болды.

«Қазақста» ұлттық телеарнасы ұйымдастырған «Сөзмерген» бағдарламасына қатысып, «Сөз мергені» атанды.

Қанат –таэквондо спортынан үш дүркін республика чемпионы, Ідан «Қара белбеу» иегері, спорт шебері.

Біз университетіміздің мақтанышы Қанат Мырзаханұлына әрдайым табыс тілейміз.



Аллаға тәубе дедік. Бүгінде тәуелсіздіктің туы желбіреген енесі биік ел болып, өзгелермен тереңімізді теңестірдік. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді. Жауға шапса – батыр болған, жай жүріп-ақ ақын болған, сөз бастаса – шешен болған, қол бастаса – көсем болған біздің халық бұл күнге оңай жеткен жоқ. Әрине, «жөтер жерімізге жеттік, болдым, толдым» деу ағаттық. Хакім Абай айтқандай, «Болған адам болдым демес, болдым десе, болғаны емес». Батырдың қанымен, ару-

ЖАНША АТАНЫҢ ЕРЛІК ЖОЛЫ

дың жасымен, баланың зарымен өткен зобалаң жылдардың есесіне келген Ұлы Тәуелсіздігімізді түбегейлі орнықтыру бүгінгі ұрпақтың бабалар алдындағы, болашақ алдындағы қасиетті борышы. Тәуелсіздік жолында отан үшін отқа түсуен тайсалмай, біздерге бейбітшілік сыйлаған Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне құрмет көрсетіп, олардың ерен ерліктерін дәріптеп отыру – ұрпаққа өнеге. Ұлы Отан соғысы ардагерлері жыл санап азайып барады. Әр өңірлерде саусақпен санарлық қана майдангер қарттар бар. Солардың бірі – Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданы, Қасқасу ауылының тумасы, Жанша Түктібайұлы. «Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі». Бүгінде үлкен әулеттің ел сыйлаған данасы болып отырған Жанша қария сонау XVII-XVIII ғасырлар аралығында казактың ірі қоғам қайраткері, қара қылды қақ жарған әділдігімен елге сыйлы болған Төле бидің бесінші ұрпағы екен. Расында Жанша қария асылдың сынығы, көпті көрген көнекөз қарт тірі шежіре ғой.

Жанша Түктібайұлы 1923 жылы Кеңес өкіметі бұрынғы Ресей империясының барлық аумағында толығымен орнағаннан кейінгі қазақ даласы үшін отарлық езгінің жаңа серпілісі басталған аумалы-төкпелі заманда туыпты. Шанырақта 2 қыз, 6 ұлдың кенжесі болған Жанша ата әкесі Түктібайдың ортасына сыйлы ірі бай, ауқатты адам болғанын айтады. Бұрыс-несібесін табиғаттан тауып отырған біздің халық төрт түлік малмен бай болса, қазақты отарлық қанаудың езгісіне алуды көздеген Кеңес өкіметі малдан мал қалдырмаған ғой. Малы тонауға ұшырап, белең алған ашаршылықтан әбден титықтаған халық күштеп ұжымдастырудан берекесі кетеді. Содан 1930 жылы Жанша ата 7 жасында оның отбасы туыстарымен бірге Ташкент маңына көшіп кетеді. Елдің малынан айырылғаны

ыза-кеккен қаным қайнап, аянбай соғыстым. Сол үшін қандай ауыртпалық болса да мойымадым. Тіпті бір апта бойы нәр татпай соғысқан кездеріміз болды. Ол аз ба, аштық пен қақаған аяз қатар қысқанда құр жылқы терісін суға қайнатып ішкен кездерді де бастан кештік. Мен жас болғандықтан бұл қиындықтардың бәріне шыдас бердім. 40-50 жастардағы үлкен кісілерді бұл ауыртпалықтар қатты қинады. Бірде жейтін ешқандай азығымыз қалмай, бізге шошқаның етін, салоны әкеліп таратып берді. Мұсылман адамға шошқа етін, арамды жеуге болмайды ғой, мұны қалай аузыма алам? Ата-бабам аузына алмаған нәрсе ғой. Жемесем аштан өлетінімді білем. Жеңіс туын көкке көтеріп елге оралар күнді көргім келеді. Өлмеу үшін оны да жеуге мәжбүр болдым.

Құдайға шүкір, ол заман артта қалды ғой. Сендер бақыттысыңдар! Балалық шақтың мынадай тыныш, тоқшылық заманда өтіп жатыр. Мұндай заман болған емес!»

Адал жүректі қарияның бұл сөздері мені терең ойға қалдырды. Бабалардың жанкешті ерліктерінің арқасында бақытты өмір сүріп жүрміз. Ұлы Отан

соғысында минометші мерген болып шайқас басталғаннан совет армиясы жеңіс туын тіккен соғыстың соңғы күніне дейін ерлікпен шайқасқан Жанша атаны 4 жыл бойы оттың үстінде, оқтың астында Құдайдың өзі аман сақтап жүріпті. 1944 жылы Днепр қаласын алғанда, көпірмен Днепр өзенінің арғы жағына бір топ әскер ішінде өтіп бара жатқанда жау жағынан қарша бораған қорғасын оқтың жанындағы суға түсіп жатқанын айтып, Құдайға теуле етіп қояды. Жанша Түктібайұлы Украина, Белоруссия, Польша, Прибалтика, Финляндия елдерінде, Днепр маңында, Воронеж, Калининград, Волгоград қалаларындағы шайқасты болып, сонында Берлинге дейін жетіпті. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін 16 рет Сталиннен алғыс хат алған. Соғыс аяқталғаннан кейін біршама уақыт соғыстан қираған Ресей қалаларын қалпына келтіру жұмыстарымен айналысады. 1946 жылы Жанша ата елге оралады. Түктібайдың 6 ұлының 3-еуі қайтып оралмады. Жанша атаның 3 ағасы уақыта шейіт болды.

Соғыстан қайтқан ерлерін қазақ ауылдары қуанышымен қарсы алды. Соғыстың бар салмағын еңбекпен өтеген халық әлі ес жия қоймаған қысылтаның кездер болатын. Бес-алты жыл елдің бетін көрмеген жауынгер елге қалжырап оралса да, колхоз ісіне белсене араласып, аянбай еңбектеніпті. Колхоздағы жұмысын сүт таситын арабкеш болып бастаған Жанша ата одан кейін тракторшы, бригадир, бухгалтер болып жұмыс істеген. Жұмыс талғамай кезіккен істің бәрін адал орындап, тер төккен. Еңбексүйгіштігінің арқасында сүрінсе де, құламапты.

Жақсының жақсылығын айтудан жалғармайтын қария Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған Жұмабай Шаяхметовтың бір кездері өзіне көмек қолын

ВЫПУСКНИКАМИ ГОРДИТСЯ ВУЗ

Старейший вуз Казахстана, ныне - КазНПУ имени Абая, в течение 80 лет является «кузницей» педагогических кадров для нашего государства. Среди его выпускников - целая плеяда ученых, государственных деятелей, писателей и поэтов. Одним из них является выпускница КазПИ 1966 года, Элеонора Дюсеновна Сулейменова, которая на каждом этапе своей жизни подтверждает высокий уровень знаний, полученных в своей alma-mater.

Сегодня доктор филологических наук, профессор Э.Д. Сулейменова – крупнейший ученый, сформировавший большую научную школу: 19 докторов филологических наук, 40 кандидатов филологических наук, а также 7 докторов философии Ph.D. (в их числе гражданин США, 2003), защитивших диссертации в Москве, Вашингтоне, Алматы, Астане.

В Республике Казахстан трудно представить лингвиста, который не был бы знаком с трудами выдающегося ученого казахстанской русистики, ведущего ученого-социолингвиста Э.Д. Сулейменовой. В нашем государстве нет ни одного высшего учебного заведения, где бы ни работал преподаватель научной школы Сулейменовой Э.Д. Благодаря ее теоретическим исследованиям за последние два десятилетия самым активно разрабатываемым направлением в казахстанской русистике является социолингвистика, «визитная карточка» которой – Сулейменова Э.Д.

Сулейменова Э.Д. является знаковой личностью, чье имя широко известно в мировой лингвистике. Она уже несколько десятилетий достойно представляет Казахстан в Президиуме МАПРЯЛа, через ее личность русистика Казахстана («знаваема») на международном уровне. Большое количество работ Э.Д. Сулейменовой опубликовано в изданиях дальнего зарубежья в рамках различных международных проектов.

Лингвистической общественности широко известны монографии Э.Д. Сулейменовой, в которых анализируются крупномасштабные процессы и отношения в языке, в той или иной степени обусловленные социальными факторами и характеризующие казахстанское общество в целом. В условиях многонационального государства язык становится символом национальной солидарности, объединяющим ту или иную этническую группу в ее борьбе за собственные интересы, в противостоянии другим группам или центральной власти. В этом плане следует отметить, что труды Э.Д. Сулейменовой имеют также большую общественно-политическую значимость, поскольку представленные в них материалы беспристрастно освещают очень важные в социальном плане проблемы, связанные с анализом языковой ситуации и этнодемографических процессов, характеризующих казахстанское общество в последние два десятилетия. В них дается обстоя-

тельный анализ проблем полиязычия, языковой компетенции и языкового сдвига, языкового планирования, витальности казахского и русского языков, идентичности и толерантности. Очевидно, что исследование проблем макролингвистики является залогом правильно сбалансированной языковой политики, соответственно – залогом стабильности и динамичного развития казахстанского общества. В этом процессе огромен вклад Э.Д. Сулейменовой.

Как известно, современное языкознание представляет собой конгломерат новых научных направлений и школ, понятийный аппарат большинства из которых находится на стадии формирования, что актуализирует проблему нормализации, унификации и стандартизации метаязыка языковедческой науки. В этой связи нельзя не упомянуть о терминографической деятельности Э.Д. Сулейменовой, результаты которой нашли отражение в одно- и двуязычных терминологических словарях, как по общему языкознанию, так и в словарях по социолингвистике. Как известно, одним из условий, обеспечивающих качество словаря, является личность лексикографа, сквозь призму эрудиции и интеллекта которого презентуется словарный материал. Так, макро- и микро-структура терминологических словарей, созданных под руководством Э.Д. Сулейменовой, безупречны.

Сулейменова Э.Д. уделяет большое внимание воспитанию и формированию молодого поколения ученых. Ее научные труды являются «настойчивой книгой» для магистрантов и докторантов Ph.D, а ее концепции являются надежной базой теоретических изысканий нового поколения лингвистов. В подготовке специалистов, помимо фундаментальных научных трудов, изучаемых обучающимися, трудно переоценить роль мастер-классов Сулейменовой Э.Д. Так, в 2011 году ею был проведен незабываемый цикл мастер-классов для магистрантов нашего университета, которые позволили в процессе непосредственного общения с ученым разобраться в сложнейших проблемах современного языкознания, обмениваться вопросами и получать квалифицированные ответы из «первых уст».

Мастер-классы Сулейменовой Э.Д. играют и большую воспитательную роль: «живой» ум, креативное мышление, демократичное общение, глубокое уважение к аудитории, безупречная внешность – формируют в магистрантах и докторантах Ph.D образ ученого нового поколения, позитивное желание соответствовать ему, и глубокую веру в то, что они, выпускники КазНПУ имени Абая, тоже в будущем могут достичь таких высот в науке.

М.Ш. МУСАТАЕВА,
доктор филологических наук,
профессор КазНПУ имени Абая

ТӘРБИЕ САФАТЫ ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

Соғыс жылдарында майдан шебінде Отанымыз үшін қанын төккен аталарымызға сый – құрмет жасау – баршамыздың парызымыз. Ел болашағы үшін қасық кандары қалғанша жаумен арпалысып, Ұлы жеңіске қол жеткізген ардагерлердің ерліктерін ұмыту мүмкін емес. Елбасына күн туғанда қолдарына қару алып, отанды қорғауға Қазақстаннан 1 миллион 700 мыңнан астам жауынгер аттанды.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Кәсіби шетел тілі коммуникациясы және аударма ісі кафедрасының аға оқытушысы, тәрбие жетекшісі Чойкиева Рая 209-шы топ 2-курс 2 шет тілі студенттерімен ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының тақырыбы: «Ер есімі - ел есіні». Жастарға ұлтжандылық және патриоттық тәрбие беру мақсатында өткізілген бұл кешке көптілі білім беру институтының тәрбие ісі жөніндегі директорының орынбасары Талдыбаева Айгерім, Кәсіби шетел тілі коммуникациясы және аударма ісі кафедрасының менгерушісі ф.ғ.к., доцент Зада Кемелбекова, кафедра оқытушылары және институт студенттері қатысты.

Бейбіт өмірде қалам алып қазақ және орыс тілдерінде көптеген кітаптар жазғанын, «Артымызда Мускеу» кітабы Кубаныч бүкіл әлемге белгілі башшысы Фидель Кастроның сүйіп оқытын кітабына айналғаны, Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысында ұрыс жүргізу әдістері үлгі ретінде қабылданып, Кубаныч әскери академиясында оқытылғанын қызықтыра әңгімеледі. Қазақстандықтардың Брест қамалын қорғағанын, Мәскеу түбінде де өлімге бастарын байлағандарын, Сталинград, Курск доғасындағы шайқастарда ерекше көзге түсіп, Берлинге шабуыл жасағандарын, Рейхстагқа қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаевтың Жеңіс туын 1945 жылдың 30 сәуірінде тіккенін мақтанышымен айтып өтті. Сонымен қатар шығыстың қос шынары - біздің халқымыздың батыр қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың өмірбаяндары мен аянбай көрсетілген ерліктері туралы шолу жасады.

Кеш барысында Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Мәншүк, Әлия туралы бейнематериалдар, фотосуреттер, слайдтар көрсетіліп, Левитанның жеңісті жариялаған дауысы тыңдалды, «Әрқашан күн сөнбесін»



әкесі Түктібайдың жанына қатты батқан екен. Мал-мүлкі орынсыз талан-таражаға түскеніне әбден құсаланса керек, содан ауырып жүріп, Жанша атаның 8 жасқа толған кезінде қайтыс болады. Артына келесі жылдың көктемінде анасы көз жұмады. Әке-шешесіне тағдырдың тауқыметімен туған елдің топырағы бұйырмаған. Жанша қарттың анасының, әкесі мен оның бауырларының сүйегі өзге елде жатыр. Жанша ата жастайынан жетім қалғанына жасқанбай, арқа сүйер ағаларымен бірге қара шаңырақты шайқалтпай, 1936 жылы туған елге оралады. 1942 жылы Жанша ата 19 жасар бозбала кезінде ағаларымен бірге ел қатарлы соғысқа аттанады. Қазыналы қарт сұм соғыс жайлы былай деп толғайды:

«Сұрапыл соғыс жайлы әркез еске алсам тек қана Аллаға шүкір деген сөзді айтам. Бес жыл бойы елден жырақта «туған жердің топырағын бір іскер ме екенмін...» деген сағынышпен жүрдім. Төбемізден жауған оқтың астында Отанға қауіп төндірген жаумен, басымызға төнген өліммен арпалысып, қасық қанымыз қалғанша өліспей беріспедік. Болашақ ұрпақтарымыз үшін, бүгінгі күн үшін, бейбітшіліктің алдағы атар таңы үшін бар жанымызбен күрестік. Бұл соғыс кімге де болса оңайға соқпады. Бір жағы аштық қысады, бір жағы елді, тыныштықты сағынып іш құса болады екенсі. Кейде бойды билеп алатын үрей тағы бар. Адам жас кезінде ештеңеден қорықпайды екен, иә, мен 18-20-дағы жас жігітін ғой, алып бара жатқан үрей жоқ, ештеңеден қорықпадым, жастық шақтың жегері болса керек. Жауға деген іштері

созғанын айтып, ол кісіге дұға етіп отырады. 1942 жылы әскер қатарында жүріп партия құрамына алынады. Колхозда еңбек етіп жүргенде әлдекімдер оның әкесі ірі бай болғанын алға тартып, түрлі сылтаулармен үстінен шағым түсіріп, партиядан шығартып, колхоз ісінен шеттетіледі. Сонда Жұмабай Шаяхметов араға түсіп партия құрамына қайта алғызған екен.

Дана қарияның еңбектің арқасында көтерген шаңырағының түтіні қашан да тұзу шыққан. «Арамның берекесі таудай, түбі қылдай, адалдың берекесі тарыдай, түбі таудай» деп Төле би айтқандай, біреудің ала жібін аттап көрмеген Жанша ата үшін өмірдің берген сыйы да аз емес. Төксен екі жастағы Жанша қарт 7 қыз бен 5 ұлдың аскаралы әкесі. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, олардан 43 немере мен 15 шөбере сүйіп отыр.

Жеңіске 70 жыл толып, көптеген достас халықтардың қуанышын тойлаған бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның, иісі қазақтың тату-тәтті, бейбіт, берекелі өмірін Құдайым Жанша атаға көруді нәсіп етіпті. Жанша қарияның балалық шағын жаламап жұтқан жалмауыз жылдыр, ерте есейткен жылдар тарихтың еншісінде қалды. Баталы сөзге құлақ түрген текті ұрпақтың Тәуелсіздік таңы атқан бақытты күнін Жанша атамен жастылардың көргендері некен-саяқ. Бабалардың ғасырларға созылған қантөгісті күрестерімен келген біздің ең қымбат, ең ұлы байлығымыз, Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай!

Гүлжамал ХАЛИДУЛЛАЕВА



Тәрбие жетекшісі салтанатты түрде кешті ашты. Ол өз сөзінде әрқайсымыз үшін жақын әрі қымбат мереке Жеңіс күнінің де жақын қалғанын, жеңіске жету жолында қазақстандықтардың асқан ерлігі мен әскери жанқиярлығы Отан соғысы тарихындағы жарқын беттерге айналғанына тоқталды. Жеңіс туын шыбын жандарын құрбан еткен бірнеше миллиондаған адамдардың есімдерін есте сақтап, 1418 азатты күн мен түнді болашақ үшін ерен еңбекпен, қайсар ерлікпен өткізгендерін ұмытуға болмайтындығын айтып өтті. Өз кезегінде студенттер осы соғыста ерекше қаһармандық танытқан батырдың бірі әрі бірегейі – Б.Момышұлының соғыс кезінде 207 рет шайқасқа қатысып, 2 рет ауыр жараланғанын, оның 37 дәптер күнделік жазғанына,

әні үш тілде орындалды, соғыс тақырыбындағы өлеңдер оқылды, «Синий платочек» біні биленді, тақырыпқа байланысты көрініс қойылды. 2-курс студенттері қонақтарға деген құрметтерін аямай, өз өнерлерін ортаға салды. Көріністегі соғыстың ашық зардабының шынайылығын сезінген көрермендер көздеріне жас алды. Тақырып мазмұны жан-жақты қамтылып, соғыста қаза тапқандар мен із-түссіз жоғалып кеткендерді үнсіздікпен еске алып, ҚР әнұранымен аяқталған тәрбие сағатының берері мол болды.

Гүлжан ЖАҚАНОВА,
аға оқытушы

Отандық тарихнамада қазақ мемлекетінің сыртқы саяси мүдделері, мемлекетаралық мәселелерді шешу әдістері мен стратегиялық мақсаттары біршама зерттелді. Бірақ бұл мәселе жөнінде қайшылықты пікірлер жок емес. Кейбір авторлардың көпшілігі ішкі өмірінде сыртқы саясатының сипатын айқындайтын әлеуметтік текетіреттің орын алғандығы жөнінде кейбір мәліметтер ұшырасып тұрады. Дегенмен қазақ даласындағы өлкетанулық материалдарды да тарихи дерек ретінде пайдаланғанның артықшылықтарын ескеру кажет. Қазақ тарихындағы дау – жанжалдарды шешудің жолдары мен демократиялық құндылықтарды реттеу тек батыстық үлгіде қалыптасты деген жаңсақ пікірден арзылып, ежелгі қазақ даласында қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері бар формасы болғанына назар аудаған жөн. Жалпы, қазақ тарихының өн бойы, ондағы қазақ хандығы тұсында да түркі мемлекеттерінің дипломатиялық қатынастар орнату, басқа елдермен келіссөздер жүргізу жөніндегі сан асарлық дәстүрін жалғастырды. Көктүріктерден бергі уақыттың бәрінде түркі елшілерінің берген атына, одақтастық жөніндегі шешімге адалдығы талай құжаттарда көрініс тапқан. Ол ұрпақтар сабақтастығын білдіреді. Ұлы Даланың өзіндік атрибуттарының бірі дипломатия саласы болса, осыған орай кейінірек мемлекеттілікке тән дипломатиялық рәсімдер мен ережелер қалыптасты. Мысалы, Түрік қағанатының Византиямен, Иран және Қытаймен қарым-қатынастары жөніндегі құжаттарда түркі билеушілерінің хаттамалық нормаларына қатысты мағлұматтар жиі ұшырасады. Шетелдік елші ханның ордасына кірерде табалдырықты баспай аттап өткеннен кейін тізесін бүге отырып сөз алған, сұрақтарға жауап берген. Осындай ерекшеліктерді зерделей келе, зерттеулерде қазақ халқының өзіне тән дипломатиялық ерекшеліктеріне баса назар аударған жөн.

Қазақтардың көршілес мемлекеттермен бейбіт тиімді қарым-қатынастар орнатуға өз үлестерін қосқан тұлғалар баршылық. Сондай ақ дипломатияны жеке тұлғалардан бөліп қарау мүмкін емес. «Бабаларын қалтқысыз қастерлей алған халық – балаларының болашағын да қамдай алады» - деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев бекер айтпаса керек. Сондықтан да дипломатияны тарихи тұлғалардың негізінде қарастыратын оңды. Сонымен қатар тарихи тұлғаларды тұлғаландыру тұрғысынан жасау керек. Әрі өлке тарихында өз орны бар тұлғалардың өкілісінің кескінін келбеті болуы шарт. Осындай тұлғалардың бірі көршілес қырғыз халқымен Алатаудың күнгейі мен теріскейін қатар жайлап, қыстап жүрген албан, бұғы рулары бейбіт қатар өмірмен бірге ағайын арасындағы кикілжің келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешіп ел аузында әлі күнге дейін сақталған Жетісудағы Таушелек өңірінде аса беделді тұлғаның бірі Мақсұт Қожамқұлұлы. Бүгінгі дипломатия тұрғысынан алып қарағанда ол ұлттық салт-дәстүрдің өзіндік ерекшеліктерін өз қызметі мен өз денгейінде шебер пайдалана білген тұлға.

Мақсұт Қожамқұлұлы кім, ол туралы біз не білеміз? Ол туралы Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Қанапия Омарханов өз еңбектерінде жазып, ел ішінде ауыздан – ауызға тараған әңгімелерді жинақтап, жүйелеп баспасөз беттерине беріп оқырмандар назарына ұсынған бірнеше мақалалардан басқа көп дүние кездестіре алмаймыз. Сондықтан да Мақсұт Қожамқұлұлы жайлы түрлі деректерді жинақтап, салыстырып, көне тарих қойнауына енген тұлғаның объективті кескінін келбетін болашақ ұрпаққа сомдалап беруіміз керек. Дегенмен осы мәселе төңірегінде сөз болғанда бүгінгі халықаралық қатынастарда дипломатиялық өнерді жастарға оқытуда дәстүлі қалыптасқан ұлттық тұрғыны естен шығармауымыз керек.

Ханның кім боларын кесіп айтар, шешім жасар жастар емес, жасы келген ел ақсақалдары екені белгілі. Бидің біі кемел жасқа толғанда болары анық. Ел басына қиын заман туғанда халқына қорған болып, намысты қолдан бермеген, кемел сөз, кесімді пікірмен халық жүрегінен орын алған зерек ойлы, шебер тілді билердің қатарына Мақсұт Қожамқұлұлын да жатқызар едік. Осы пікірімізді мына бір тарихи өлең-сөзбен дәлелдеуге болады.

Айтты өнерінде ойып алар өзіндік орны бар жетпес жүйіктерінің бірі – даңқты Құланаан Құлмамбеттің дүние салар алдында бүкіл албан елінің жақсыларын еске алып қоштасқан өлеңінде:
«Сәлем де Қызылбөрік Мақсұт ерге,
Ажал шіркін көнбейді есте жөнге» - деп кимай қоштаса отырып, өлеңінің тағы бір жерінде:
«... Абықаға сәлем де,
Асқар таудай бел еді.
Есімбекұлы Қожабек,
Гүлеген қызыл жел еді.
Қожамқұлұлы Мақсұттың,
Бұлтпенен басы тең еді...»),

– деп Мақсұт бидің ел ішіндегі беделін биіктегі қол жетпес бұлтқа теңеген екен. Осындай абырой биігіне көтерілген бабаның артында қалған шешендік сөздері, билік шешімдері, өкінішке қарай, хатқа түспеген. Бірақ, өзі туып-өскен өңірдегі халықтың көкейінде жатталып қалғаны әлі де баршылық.

Мақсұт би албанның белді тайпасы Қызылбөріктің Әжібай атасының Жалбысынан тарайды. Әжібай Найманбайұлы (1699-1779) болса Хангелді, Райымбек батырлармен үзегілес жүріп, Жетісу жерін жоңғар шапқыншылығынан азат етуге зор еңбек сіңірген. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен қазақтың бас батырларының бірі. Абылай хан билетін батырлардың бірі болғандықтан, көрсеткен ерлігіне сай сүйегі Түркістандағы Әзірет сұлтан кесенесі етегіндегі қабіретанға жерленген.

Мақсұт өз заманының әйгілі біі сөзге алғыр, жер дауы, жесір дауы сияқты сол кездегі күн тәртібінде тұрған мәселелерді тез де әділ шешетін адам болған. Ол туралы кеңес кезіндегі әдебиеттерде таптық қоқарас тұрғысынан бағаланып, одан кейінгі кезде де сол жең ұшынан жалғасып, объективті бағасын ала алмай келе жатқан қайраткер. Тіпті 1998 жылы «Ана тілі» баспасынан шыққан Құланаан Құлмамбеттің «Сөзімнің кеп сыймайды арасына...» - атты ел аузында әр түрлі себептермен назардан тыс қалып келген нұсқаларды ғылыми негізде жүйелеп, текстологиялық сараптамамен бірге қосымша түсінік берілгенің өзінде ол ту-

ралы: «Мақсұт Қожамқұлұлы –XIX ғасырдағы Албан елінің Қызылбөрік руын билеушілердің бірі. Жетісуда батырлығымен қатар момындарға істеген зорлық-зомбылықтарымен де танылған дәулет иесі» - деп қызыл империяның қанға сіңірген жолынан арғыла алмай тағы жаңсақ пікір білдірілген. Сондықтан да әділеттілікті айту үшін сол Мақсұт Қожамқұлұлының басқа қырларына да тереңірек үңіліп, зерттеу жүргізгеніміз жөн болар.

Ол әділ билік шешімдері мен тапқырлығымен ел-жұртына жасаған жақсы істерімен халық санасынан ошкен емес. Кеген –Нарынқол өңіріндегі Албан жұртының игі жақсылары мен ру басшылары құрметтеген, шын мәніндегі ескенуді білмеген, мойымас әр мінезді, тапқыр кеменгер, тұлға. Ғибратты сөздері жүрген көкейіне қоңып, зердесіне ұялаған. Әсіресе көршілес елдермен қарым - қатынас саласындағы мәселеге келер болсақ оның алар орны ерекше. Ендеше Мақсұт би туралы біршама деректерді мысалға келтірейік. Ол туралы түрлі қызықты деректерді сол тұлға өмір кешкен бүгінгі Райымбек ауданында тұратын көнекөз қариялар мен ел – жұрттан және сол кісінің ұрпақтарының ауыздарынан естуге болады.

* * *

Мақсұт өз уақытында әуелі би, содан соң болыс болған адам екен. Қырғыздардың Тілахмат деген әрі манап, әрі биі қазақтан үш кісінің құнын даулайды. Қазақтармен болған шабыста қандастарымыз олардың үш адамын өлтірген екен, осы үш ердің құнын даулап қырғыздың атынан Тілахмат би келеді. Ол өте шешен, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін кісі екен. Өзі өте кесірілі, әрі тәкәппар, біреудің жалғыз баласы болыпты.

Қазақтардың игі-жақсылары бас қосып, бұған шақ келетін, билік дауында есе жібемейтін кім бар дегенде, бәрі Мақсұт биге тоқтайды. Содан Қарқарада өтетін дауға арнайы келуі үшін Таушелектегі оған кісі шаптырады. Қарқара Тянь-Шань тау сілемдерінің Күнгеі мен Теріскей Алатаудың арасындағы кең жа-

МАҚСҰТ БИДІҢ ХАЛЫҚТЫҚ ДИПЛОМАТИЯНЫ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

зиралы байтақ дала. Ортасынан ағынды, асау Қарқара өзені ағады. Өзеннің оң жағалауында XIX ғасырдағы аты шулы Ресей мен Қытайдың және басқа да елдер қатысқан Халықаралық жәрменке болады. Онда 16 болыстан тұратын Ұлы жүздің Албан тайпасы тұрады. Сонымен қатар Ыстықкөлдi қырғыздардың Бұғыдан тарайтын Сарыбағыш тайпасында қатар жайлайды. Мақсұт би хабар алған соң, әдейі үш күн кешігіп барады. Ол кісі аттың жақсысын тандап мінеді екен де, киімді нашар киетін болыпты. Басына көнетөз тақияны іле салып, жүге беретін көрінеді. Өзінің бір құлағы шұнақ, содан Қарқарадағы қалың жыныға тіке бармай, шеткеріде ат жайып жүрген қырғыздың шалына келеді. Манаптардың атын баққан әлгі кісіден Мақсұт би білмегенсіп жөн сұрайды:

– Қария, мына жиын неғылған мәслихат, халық не үшін келіп жатыр, – деп сұраса, жапағы шал:

– Мына маңқа қазақтар Мақсұт деген бір мықтысын тосып жатыр. Біздің Тілахмат деген манабымыз сонымен сөз сайыстырмақ екен, соған Мақсұт денгенді күтіп отыр, ол әлі келген жоқ, – дейді. Мақсұт:

– Тілахмат деген кім еді, – десе, шал:

– Төмен атаның баласы, – деп оның ата-тегі туралы айтты береді. Сөз ауанына қарағанда ол қырғызға сіңбе екен. Содан «жаксы» дейді де Мақсұт би топқа қарай жүріп кетеді.

Келсе, Тілахмат дегені бір керемет. Үстіне кигені кілең асыл киім. Ары-бері керлендей жүріп, төңірегіне паңдана қарайды. Қазақтар: «Ой, Мақсұт келді, Мақсұт келді», деп жапа-тармағай тұрып, қарсы алады. Мақсұт би Тілахматтың қасына таянғанда, ол оған тіксіне қарап, менсінбей, бір құлағы шұнақ, үстіндегі киімі нашар, өзі кішкентай адамды қораш көреді.

– Ой, қазақтар сендер жөн білмейтін халық екенсіңдер ғой. Мақсұт, Мақсұт дегендерің осы ма? Киіміңіз түрін қара. Бұл сонда сендер дәріптеген Мақсұт би болғаны ма? Менімен дауласуға қай бетімен келді, а? деп кекетте, менсінбей қарайды. Шамасы, жеңіп кетемін деп ойласа керек. Сонда Мақсұт би:

– Әй Тілахмат, ұзынды ұлым киеді, қызылды қызым киеді, немерем киеді, шөберем киеді. Мен байғұсқа не тиеді. Алдына қарасаң екі кү тізең көрінеді. Артына қарасаң жиған жүгің көрінеді. Сен кимегенде киімді кім киеді. Сөйле, Тілахмат, сөйле! – дейді іркілместен. Сонда Тілахмат:

– Әй, Мақсұт, жеңіп кеттің. Бұл жолы сөзіңе тоқтадым, Дау келесі жылға қалсын, – дейді де жиынды дереу таратады. Қырғыз манабының сөз сайыстыруға одан әрі бармағаны, Мақсұтта он бір бала бар екен де, Тілахматта ұрпақ жоқ екен, соған жасқанады.

Келесі жылы бұл дау қайта көтеріледі. Қырғыз-қазақ Қарқараға тағы да жиналады. Мақсұт би оған дейін жаңағы қырғыз манабы Тілахматтың зузатын әбден тексеріп біледі. Сөйтсе, Тілахматтың әкесі Жылқыайдар деген кісі екен.

Пірназар деген қырғыздың бір байы болыпты. Әлгі байдың баласы жоқ екен. Жылқышылары жылқы жайып, бір өзеннің жағасында жүрсе, су жағалап жылаған әйелге кезігеді. Ол судан өткенде бекіетгі баласы суға ағып кетіп, аралға барып тоқтап қалған екен. Әйел баласына жете алмай жылап жүргенде, қырғыздың Пірназар байының жылқышылары жанына келіп:

– Оу, не болды саған? – деп жөн сұраса, әйел:

– Күйеуім ұрып, содан төркініме қашып бара жатыр едім, балам бесігімен суға ағып кетіп, анау аралға барып тұрып қалды, соған жете алмай жылап жүрмін,

– дейді. Жылқышылар судан өтіп барып баланы жағаға бесігімен бірге алып шығады.

Содан әйелді атқа мінгестіріп, Пірназар байға алып келеді. Қараса әйелдің баласы ер бала екен.

– Қайда кетіп барасың? – деп әйелден жөн сұраса:

– Күйеуім күн көрсетпеген соң, төркініме кетіп бара жатырмын, – дейді. Пірназар бай:

– Ендеше мына баланы сен маған бер, өтеуіне мен саған қанша дүние-мүлік керек, соны тұтас беремін. Содан соң төркініңе жеткізіп саламын, – дейді.

Сонымен, әйелге күміс ертоқымды ат мінгізіп, бір үйір жылқыны алдына салып, нар түйеге жүгін артып, әйелді дүние-мүлікке малындырып, төркініне жеткізіп тастайды. Содан Пірназар бай тауып алған баласының атын Жылқыайдар деп қояды. «Жылқышыларым жылқы жайып жүргенде тауып алған еді», деп ырымдайды. Сол Жылқыайдардан Тілахмат туған екен.

Келесі жылы Қарқарада қайтадан дауды шешу үшін жиын болады. Оған Мақсұт би ерте барып, дайындалады. Шаршы алаңның ортасына төселген қалы кілемнің үстінде төмен қарап, еңесі түсіп, көңісіз отырады. Оны көрген Тілахмат бірден:

– Әй, Мақсұт, немене, өкпелеген қойшы құсап, басыңды көтермей төмен салбыратып отырсың ғой, – дейді. Сонда Мақсұт би кейісті көңілмен:

– Уа-ай, Тілахмат, мен құдайға өкпелеп отырмын, – дейді. Тілахмат:

– Неге? – дейді жұлып алғандай. Сонда ол кісі:

– Мені құдай қырғыздың ең мықты манабымен, болмаса атақты болыс, елге жаға болған ұлысымен айтыстырмай, сен сияқты шыбыдана сатылып келген құлыммен айтыстырғанын қарашы! Мен құдайға сол үшін өкпелеп отырмын! – дегенде Тілахмат:

– Әй, Мақсұт, саған дауа жоқ екен, жеңілдім, – дейді де жиынды тағы да таратып жібереді. Шыбыдан деген заттың қазақшасы – өреше. Пірназар баланы алып калған соң, әйелдің дүние-мүлкің күмістелген, зерленген өрешеге орап, түйеге артқан екен. Бұны Мақсұт би күншілгері әбден сұрастырып, зерттеп алған ғой. Сонымен үш жылға созылған дау, қайтадан тағы көтеріледі.

Қырғыздың үш ерін қазақтардың өлтіргені рас екен. Қандастарымыз қалайда осы үш ердің құнын төлеуі керек. Бұл – шындық. Ол кезде ердің құны үш жүз жылқыға бағаланған. Сонда қазақтар тоғыз жүз жылқы төлеуі керек. Бұған Мақсұт би бастаған қазақтар келіседі. Енді жылқыны санап алу үшін Тілахматты шақырады. Қырғыз манабы дау-шарсыз, мамыражай шешілген келісімге қуанып, Мақсұт биге:

– Қай жерді бел қыламыз, қай жерді бел қыламыз, – деп қайта-қайта сұрайды. Бұл белгіні қай жерден қоюсың, сол жерден жылқыны санап аламыз дегені екен. Сонда Мақсұт би Тілахматқа тіке қарап тұрып:

– Уа, Тілеке. Жылқыайдар әкемің шыбыдана сатылып келген жерін белгі қылмаймыз ба? – дегенде, Тілахмат:

– Әй, Мақсұт-ай, саған сөз жүрмейді екен. Үш рет келіп, үшеуінде де онбай ұтылдым. Бердім саған үш ердің құнын. Бәрі де өзіңде қалсын, – деп жөніне жүріп кетеді.

Осылайша, сөз қадірін түсінген Мақсұт бабамыз үш ауыз сөзбен, қырғыздарға үш ердің құнын төлеуден осылайша құтқарған екен. Үш ер қалай өлгеніне тоқталар болсақ, ол төмендегідей жағдайда орын алыпты.

Бірде көрші отырған қырғыз бен қазақ шабысып қалады. Қырғыздың Борбодай, Тәстекей деген екі батыры бар екен. Солар қазақпен шабысамыз деп, осы Ағанақтың жазығына келіп, сайыс жасайды. Содан жекпе-жекке Борбодай шығады. Астында дәу сарала аты, қолында қылыш, өңгерген ұзын сапты найзасы бар. Қазақтар жекпе-жекке анау шықсын, мынау шықсын десе, ешкім батылы жетіп, шықпайды. Борбодай өте дәу кісі екен. Қызылбөрікте Сақаруында Қожбан деген батыр болыпты, оны іздестірсе, ол бір жаққа кетіп қалыпты. Содан үш мың жылқы біткен Ерасырынның баласы Алмабек деген бар екен. Он сегіздегі жас кезі. «Бұл қазақта жекпе-жекке шығатын ұл жоқ па» дегенде жаңағы Алмабек суырылып ортаға шығады. «Ана атты, мына атты мініп шық» десе, «жөк өзімнің-ақ атымды мініп шығамын» деп, көкбесті аты бар екен, сонымен шығады. Ортада екеуі бір-біріне найзаларын кезеніп, жақын келгенде Алмабек:

– Әй, Борбодай, сен жекпе-жекке шықсаң менімен жеке шық. Әйтпесе, осыншама қырғыздың қасына неменеге қантатып ертіп алғасың, – дегенде Борбодай жайбаракат артына жалт қарайды. Сонда Алмабек найзаны өнменіне қадап тұрып, бар күшімен толғағанда Борбодай аттан ұшып түседі. Сол жаракаттан ақыры Борбодай өледі. Осы қылыс қырғыздар кері қайтады.

Келесі жылы Борбодайдың құны үшін қазақты шабамыз деп қырғыздар тағы келеді. Оларда «бұл жолы не Мақсұтты өлтіреміз, не Алмабекті өлтіреміз» деген байлам болады. Қазақтан осы екеуінен басқа ешкім керек емес дейді. Бұл жолы Тәстекей деген Борбодайдың ағайындас туысы сайланып келеді. Содан, қырғыздар қазақтармен шабысады, қазақтар жеңіліп, бас сауғалайды. Алмабек бір жаққа, Мақсұт басқа жаққа қашады. Мақсұт сол қашқаннан Жіңішкеге жақын Бие сыймас шатқалын орлеп келе жатқанда алдынан Манабай деген кісі кезігеді. Өзі өте зор адам екен. Өзінің қараала биесінен басқа жылқы көтере алмайтын, бір көзі соқыр кісі болыпты.

– Әй, Борбодай, сен жекпе-жекке шықсаң менімен жеке шық. Әйтпесе, осыншама қырғыздың қасына неменеге қантатып ертіп алғасың, – дегенде Борбодай жайбаракат артына жалт қарайды. Сонда Алмабек найзаны өнменіне қадап тұрып, бар күшімен толғағанда Борбодай аттан ұшып түседі. Сол жаракаттан ақыры Борбодай өледі. Осы қылыс қырғыздар кері қайтады.

Келесі жылы Борбодайдың құны үшін қазақты шабамыз деп қырғыздар тағы келеді. Оларда «бұл жолы не Мақсұтты өлтіреміз, не Алмабекті өлтіреміз» деген байлам болады. Қазақтан осы екеуінен басқа ешкім керек емес дейді. Бұл жолы Тәстекей деген Борбодайдың ағайындас туысы сайланып келеді. Содан, қырғыздар қазақтармен шабысады, қазақтар жеңіліп, бас сауғалайды. Алмабек бір жаққа, Мақсұт басқа жаққа қашады. Мақсұт сол қашқаннан Жіңішкеге жақын Бие сыймас шатқалын орлеп келе жатқанда алдынан Манабай деген кісі кезігеді. Өзі өте зор адам екен. Өзінің қараала биесінен басқа жылқы көтере алмайтын, бір көзі соқыр кісі болыпты.

Манабай Мақсұттарды жедел өткізіп жіберіп:

– Бие сыймастың ішімен, сендер жүре беріңдер, Тәстекейді өзін күтіп алып, сазайын беремін, – дейді. Манабай бір бұрылысқа жасырынып тұрып, Тәстекейді көкжелкеден найзамен шаншып өлтіреді. Сарала атын жетектеп, Мақсұттың артынан келеді. Мақсұт:

– Тәстекейді өлтірдің бе, – дейді. Манабай:

– Иә, өлтірдім, – дейді.

– Ендеше мына атын неменеге әкелдің, көз қылып, мұны өз бетіне, басқа жаққа айдап жібер. Артынан бізге қуғын түсіп, пәле болады, дау туады, – дейді би. Сол сайбаста қырғыздардың тағы бір жігіті өлген екен.

Қырғыздардың биі Тілахматтың жоғарыдағы үш мәрте Борбодай, Тәстекей, тағы бір жігіттің құнын даулап келгендегі мақсаты осы болыпты.

Мақсұт бидің шешендігі мен тапқырлығы арқасында қазақтар қырғыздарға ешқандай құн төлемей даудан аман-есен, осылай құтылыпты. Мұның өзі түйінді мәселелерді шешуде күш көрсетуге емес, бейбіт жолмен шешуге ұмтылғанын көрсетеді.

Шешендіктің, дипломатия тілінде өз пікірін жеткізе білудің бір үлгісі – Қаз дауысты Қазыбек бидің (1667-1764) қазақ-қалмақ келіссөзіндегі монологы: «Біз – қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау басып деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзымызды ақтай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тұмайды, анандан қыз туса, құң боламын деп тұмайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз».

* * *

Ағайын арасы бірде тату бірдеболмашы нәрсеге өкпелесіп қалары сөзсіз. Бірде Дәркөмбай болыс пен Мақсұт би өкпелесіп қалыпты. Бір-біріне бармайды, не келмейді. Уақыт өте келе Дәркөмбайдың бір қысырақ үйірлі жылқысы жоғалады. Оны қырғыздар айдап әкетеді. Қырғызға Дәркөмбай неше рет барып, ала алмай қайтады. Сөзі өтеді деген адамдардың ішінен ананы, мынаны қанша жіберсе де, олар құр қол қайтады. Қырғыздар теңдік бермейді. Сөйтіп, арада екі-үш жыл өтіп кетеді. Үлкен баласы Мейірман ақын екен, соған Дәркөмбай:

– Балам, сен бар да ана шұнаққа айт, қырғыздағы жылқымыз тауып, сол жылқымыз қайте де маған алып берсін, – дейді. Шұнақ деп отырғаны өзінге ағайындас Мақсұт би. Сонда Мейірман:

– Ой, әке, Мақсұт басыңды қайтсем қағамын деп өзімен қастасып жүргенде, қырғызға кеткен малыңды даулап несі бар? – дейді. Сонда Дәркөмбай:

– Мақсұт барса, мен үшін бармайды, ол өзі үшін, елінің намысы үшін барады. Бар айт, барса барар, бармаса сол жылқы қырғыздарда қалар, – дейді.

Содан, Мейірман Құрметідегі отырған Мақсұт биге келіп:

– Өкем сізге жіберді, үш-төрт жыл болды қырғыздар айдап кетіп, қолды болған бір үйір жылқымызға теңдік бермейді, ала алмай жүрміз. Соны алып берсін деп сізге жұмсады, – дейді. Мақсұт би ойланып отыршыпты да:

– Мақұл, бара бер, мен бұл іске кірісейін, – дейді.

Содан қасына Тілен деген інісін ертеді, ол үйленбеген азбалса кезі екен. Қырғыздар барып, сонда бір ай жатып, дауласып жүріп, ақыры он үш байталға үш жылғы өнімін, айбын қостырып, жүз жылқы етіп айдап келеді. Дәркөмбай Далашықта екен, Құрметіге келген соң Мақсұт би:

– Мына малды Дәркөмбайға апарып беріңдер, қырғыздардағы жылқылары, – деп жүз жылқыны жігіттерінен айдатып жібереді. Дәркөмбай жылқы айдап келген жігіттерге қайдан келдіңдер десе:

– Бізді Мақсұт би жіберді, мынау қырғыздардағы қайтай жүрген жылқысы, алыс деп айтты, – дейді. Далаға шығып қараса, жүз қаралы жылқы. Дәркөмбай:

– Неге көп десе, – жігіттер:

– Мақсұт би қырғыздардан өсімімен және айыппұлмен қосып өндіріп әкелдім, бәрін де сіз алыс деп айтты еді, – дейді. Сонда Дәркөмбай:

– Ой, мынау артық, қой! Мұны Мақсұтқа қайта айдап барыңдар да, былай деп айттыңдар. Адалын маған берсін де, аранын өзі алып қалсын, – дейді.

Айтылған сөзді ол кезде екі етпейді. Жігіттер жылқыны қайтадан дүркірете айдап, Мақсұтқа барады. Би:

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЛИЗИНГ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Наурыздың 4-і күні университеттің үлкен мәжіліс залында «Ұлттық экономиканы модернизациялау жағдайындағы қазақстанның лизингтік нарығы» атты Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері, экономика ғылымдарының докторы, профессор Әділбек Смағұл ұлы Смағұловтың ғылыми-педагогтік қызметінің 40-жылдығына және 65 жасқа толуына арналған дөңгелек үстел болып өтті.

Дөңгелек үстел барысында Құқық және экономика институты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент М.Ә. Қанабекова кеш иесінің өмірімен қызмет жайлы баяндама жасаға, Қазақстан генералдары Кеңесінің төрағасы, генерал-майор Р.Е. Хайдаров, Білім және ғылым министрлігі Экономика институтының директоры, профессор С.С. Еспаев, Шет елдер және іскерлік карьера университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сабри Хизметли, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.Ө. Сманов тағы басқалар өз ойларымен бөлісті.

Дөңгелек үстелді университеттің ғылыми ісі жөніндегі проректоры В.Н. Косов жүргізіп отырды.

Әділбек Смағұлұлы Смағұлов 1949 жылы 2 наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы Жаңақол ауылында дүниеге келді. 1966 жылы Семей облысының Көкпекті ауданы Көкпекті ауылындағы М.Горький атындағы казак орта мектебін бітірді. 1969 жылы Алматы халық шаруашылығы институтының жоспарлау-экономика факультетін түсіп, оны 1973 жылы «Материалдық-техникалық жабдықтау экономикасы және жоспарлау» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп шықты.

Ә.С.Смағұловтың ғылыми бағытының қалыптасуына әсер еткендер Қазақстанның белгілі экономист-ғалымдары болды: ҚР ҰҒА академигі Т.А.Әшімбаев, К.Ә.Сағадиев, О.Б.Баймұратов, С.С.Сатыбалдин, А.Қ.Қошанов, К.Н.Нәрібаев, Р.Р.Аутов, Ұлттық инженерлік академияның академигі О.С.Сәбден, экономика ғылымдарының докторлары, профессорлар Д.Қ.Қабдиев, А.Есентүгелов, М.Б.Кенжетов, Р.А.Алшанов, Қ.Т.Тұрысов, Ә.Ә.Әбішев, А.Ш.Нұрсейіт, сонымен қатар белгілі заңгер-ғалымдар ҚР ҰҒА академигі С.З.Зиманов, С.С.Сартаев, М.К.Сұлейменов және тағы басқалар. Ұлттық философия мектебінің өкілдерінен ол ұлы Абайдың, Шәкәрім Құдайбердіевтің, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Ғ.Есімнің, философия ғылымдарының докторы, профессор Т.Х.Ғабитовтың еңбектеріне сүйенді.

Кандидаттық диссертациясын (1998) Қазақ мемлекеттік басқару академиясында, ал докторлық диссертациясын (2010) Халықаралық Бизнес университетінде қорғады.

1997-2014 жылдары ол алты отандық және алты халықаралық жобаларды жүзеге асыруға белсенді түрде араласты, кейбір жобаларда ол жоба жетекшісі немесе үйлестіруші ретінде, ал басқаларында орындаушы ретінде қатысты. Халықаралық жобаларды жүзеге асыру кезінде Смағұлов Ә.С. Германияда (1998 ж.) және Канадада (2002 ж.) бір айлық біліктілігін көтеру тәжірибесінен өтті.

1995-1998 жылдарда ол бірнеше бюджеттік және келісімшарт негізінде орындалып жатқан ғылыми-зерттеу тақырыптарының орындаушысы, мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды дайындаушы ретінде, соның ішінде 1995 жылы «Маркетинг және коммерция» мамандығы бойынша негізгі жоғары білім берудің алғашқы Мемлекеттік стандартын жасауға қатысты.

1999 жылдан 2014 жылға дейін Смағұлов Ә.С. лизинг идеяларын насихаттай отырып, Алматы қаласының, Астананың, Семей қаласының және Бішкек қаласының (Қырғызстан) жоғары оқу орындарында оқытушылардың, фермерлік және шаруа қожалықтарының басшыларының біліктілігін көтеру курстарын ұйымдастырды, сонымен қатар жоғары оқу орындарында семинарлар, бизнес-курстар, семинар-консультация, мастер-класстар, мұғалімдер, студенттер мен магистранттарға арналған тренингтер өткізді.

1997-2011 жылдары өзінің жазбаша ұсыныстарын министрліктер мен ведомстволардың басшыларына, Үкімет басшыларына, Қазақстан Республикасының Мәжілісі мен Сенатының басшыларына, Қаржы және бюджет Комитетінің, аграрлық мәселелер бойынша Комитеттің, экономикалық реформа және аймақтық даму Комитетінің төрағаларына жібері отырып, ол лизинг бойынша нормативтік-құқықтық актілерді дайындауға және оны жетілдіруге белсенді араласты.

Ә.С.Смағұловтың бүкіл ғылыми-педагогтік қызметі Қазақстанның жетекші жоғарғы оқу орындарымен - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетімен, Қазақ Ұлттық аграрлық университетімен, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетімен, Халықаралық Бизнес университетімен, және де айырықша Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университетімен байланысты болды, соңғы оқу орнында ол 30 жылдан астам жұмыс істеді. Осы оқу орнының қабырғасында ол студенттен, аспиранттан, ассистенттен профессорға дейінгі жолды жүріп өтті.

1982-1987 жылдары Солтүстік Қазақстан облысындағы астық жинау науқанына ол студенттік ауылшаруашылық отрядтарының облыстық штабының комиссары ретінде қатысты. 1987 жылы Алматы халық шаруашылығы институтының отрядтары Солтүстік Қазақстан облысының 7 ауданында және 15 шаруашылықтарында орналасты. Одан кейінгі жылдары (16 жыл бойы) Смағұлов Ә.С. жоғары оқу орындарын басқарудың орта буынында басқарушылық жұмыстың қыр-сырымен танысып, құнды тәжірибе жинақтады. 1992 жылы Әділбек Смағұлұлы Қазақ мемлекеттік экономикалық университетінің Коммерциялық факультеті деканының орынбасары болып тағайындалды.

1992-1998 жылдары Қазақ мемлекеттік басқару академиясының «Маркетинг» оқу-ғылыми кешенінің жетекшісінің-проректордың (директордың) орынбасары лауазымында жұмыс істей жүріп, ол ҚазМБА-ның ректоры, академик К.Ә.Сағадиевтің басшылығымен Қазақстанның жоғарғы экономикалық білім жүйесінде жүргізілген реформаға белсенді түрде қатысты. Ол нарыққа бейімделген жаңа мамандықтардың оқу жоспарларын, пән бағдарламаларын дайындайтын, оқытудың жаңа мазмұны мен мағынасын анықтайтын, көп сатылы білім беру жүйесіне (бакалавр-магистр-PhD докторы) қиын да қызғылықты, тын мазмұнды жұмыстарына, оқытудың кредиттік технологиясына көшудің сан-салалы істеріне толығымен өзінің бар қажыр-қайратын жұмсап, кірісіп кетті. Нәтижесінде, ҚазМБА мамандары даярлаған алғашқы Мемлекеттік стандарттар, оқу жоспарлары, пән бағдарламалары Қазақстанның басқа жоғары оқу орындарына кеңінен тарап, қолданысқа енді.

1998-1999 жылдары ол Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің «Экономика және бизнес» оқу-ғылыми-өндірістік кешенінің жетекшісінің орынбасары болып жұмыс істеді;

1999-2002 жылдары ол Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті жанында «Лизинг» оқу-консалтингтік Орталығын ұйымдастырып, өзі осы Орталықтың жетекшісі болды. 2002-2003 жылдары ол Алматыдағы Халықаралық Бизнес университетінің іскерлік әкімшілік факультеті деканы қызметін атқарды. 2011-2014 жылдары ол Абай атындағы ҚазҰПУ-дің «Маркетинг және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі болды.

Өзінің 40 жылдан астам ғылыми-педагогтік қызметінің соңғы 25 жылын экономика ғылымдарының докторы, профессор Смағұлов Ә.С. Қазақстан экономикасында жаңадан пайда болған лизинг феноменін зерттеуге арнап, бұрын зерттелмеген бұл салада көптеген нәтижелерге жетті.

Арендалық және лизингтік қатынастардың теориялық-әдіснамалық тұрғыдан жете зерттелмеуінің себебі «нарық», «аренда», «арендалық қатынастар» тақырыбы XX ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап 80-ші жылдардың аяғына дейін, яғни 1989 жылдың 7 сәуірінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы «КСРО-дағы аренда және арендалық қатынастар туралы» Жарғы қабылдағанға дейін «Генетика», «Кибернетика» салалары, ұлттық тарих пен әдебиеттің кейбір шығармалары сияқты зерттеулерге тыйым салынған тақырыптарға жатты. Бұл бірінші сыртқы себеп, ал екінші себеп – бір ғылыми мамандықтың аумағына сыймайтын лизингтің өзінің сан қырлылығы, көп аспектілігі, күрделілігі еді. Лизинг саласын қазіргі кезде 8 ғылыми мамандық зерттейді.

Смағұлов Ә.С. 1998 жылы Қазақстанда бірінші болып кандидаттық диссертациясын, ал 2010 жылы елдегі лизинг тақырыбы бойынша алғашқы және жалғыз докторлық диссертацияны қорғап шықты. Қазақстанда лизинг бойынша кандидаттық диссертацияларды бар жоғы 10 ізденуші қорғады – Смағұлов Ә.С. (1998 ж.), Демеева Г.Т. (2002 ж.), Тағашев И.Е. (2004 ж.), Оралбаева Ж.З. (2005 ж.), Аскарова З.Б. (2005 ж.), Бейсекова Ж.Ы. (2006 ж.), Бирюков В.П. (2007 ж.), Таипов Т.А. (2007 ж.), Шаукерова З.М. (2008 ж.), Искаев Е.С. (2009 ж.). Смағұлов Ә.С. бес ізденуші кандидаттық диссертация қорғағанда оларға оппонент болды.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы лизингтік қатынастардың қалыптасуы мен дамуы оның есімімен және еңбектерімен тығыз байланысты. Ол Қазақстанда ғылымның осы бағытының негізін қалаушы десе болды.

Смағұлов Ә.С. Қазақстандағы лизинг бойынша фундаментальді зерттеулердің және алғашқы кітаптардың авторы. Өзінің ғылыми-педагогтік қызметінің бүкіл кезеңінде ол жалпы көлемі 457 баспа табақ болатын 175 еңбекті жазып, жариялады, оның ішінде жалпы көлемі 365 баспа табақ лизинг тақырыбы бойынша 145 еңбекті, лизинг бойынша 17 монографияны, оқу құралын, кітаптар мен брошюраларды жарыққа шығарды. Оның ішіндегі ірілері: «Лизинг және техникалық құралдар прокаттың экономикасы». Есептер жинағы. Алматы, ҚазМЭУ, 1992. – 9,5 б.т., «Лизинг». Алматы: Баллаус, 1976. – 11,0 б.т., «Лизинг және рендинг». Практикум. Алматы: Агроуниверситет, 2000. – 10,4 б.т., «Қазақстандағы лизинг: теориясы мен тәжірибесі». Алматы: Агроуниверситет, 2000. – 12,6 б.т., «Лизинг» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен. Бакалавриат. Кредиттік технология. - Алматы: Экономика, 2006. – 6,9 б.т., «Лизинг» пәні бойынша жоғарғы оқу орындарының 05.05.11 «Маркетинг» және басқа да экономикалық мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік кешен. Бакалавриат. Кредиттік технология. - Алматы: «Экономика», 2007. – 6,9 б.т., «Қазақстандағы лизинг: тәжірибесі, мәселелері, даму болашағы». Алматы: Экономика, 2008. – 26,0 б.т., «Жаңа қалыптасып келе жатқан нарықтардағы лизинг». Алматы: Экономика, 2009. – 65,0 б.т., «Ұлттық экономиканы модернизациялау жағдайындағы Қазақстанның лизингтік нарығы». Алматы: Елтаным, 2014. – 26,25 б.т.

Оның ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыты лизинг тақырыбы болып табылады, өйткені еңбектерінің 80%-і осы тақырыпқа арналған.

«Экономика және халық шаруашылығын басқару» мамандығы бойынша «Қазақстандағы лизингтің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі мен даму мәселелері» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында ғылыми әдебиетте алғашқы болып мемлекеттік және коммерциялық (жеке кәсіпкерлік) лизингтің тұжырымдамасын негіздеп ұсынды, сонымен бірге лизингтің теориялық негіздерін, ерекшеліктерін және қызмет ету механизмдерін аша отырып, теориялық үрдісіне, заңнамалық реттеу және лизингтік қызмет тәжірибесіне әсер ететін лизингтің тар, аралық және кең мағынадағы түсініктерін енгізді. Лизингтік операциялардың жаңа қағидаттарын, белгілері және жіктеу түрлерін ұсынды.

«Экономика және халық шаруашылығын басқару» (қызмет ету салалары мен сфералары бойынша) және «Қаржы, ақша айналымы және несие» мамандықтары бойынша «Лизинг: теориясы, тәжірибесі, реттеу және ынталандыру механизмдері» тақырыбындағы докторлық диссертациясында ізденуші қазіргі заманғы лизингтің ғылыми тұжырымдамасын негіздеді.

Бұл жұмыс жаңа қалыптасып келе жатқан нарықтардағы лизингтік қатынастардың теориясы мен тұжырымдамалық негіздерін, Қазақстан экономикасы және оның жеке салалары мен секторларындағы лизингтік қызметтің даму тәжірибесін қорытуда алғашқы кешенді зерттеулердің бірі болып табылды.

Қазіргі заманғы лизингтің біртұтас тұжырымдамасы теориялық-әдіснамалық негізгі қағидалардан, лизингтің дамыған, дамушы және жаңадан қалыптасып келе жатқан нарықтарда өсу кезеңдері туралы, лизингтік индустрияның даму стадиялары туралы, лизингтік өнімнің күрделі және көпаспектілі сипаты туралы, Қазақстан экономикасында лизингтік қатынастарды реттеу мен ынталандыру механизмдерін жетілдіру туралы нақты тәжірибелік ұсыныстардан тұрады. Ғылыми зерттеулердің бұл ережелері жана қалыптасып келе жатқан нарықтардағы қазіргі заманғы лизингтің теориясы мен тәжірибесінің ары қарай дамуына әсер етеді. Ол түсінік мынада:

- қазіргі заманғы лизингтің;
а) қазіргі заманғы лизинг тұжырымдамасының қаржылық аренда (лизинг) тұжырымдамасынан өзгешелілігі, оны үш жақты негіздегі – арендалық, кредиттік және сауда-саттық - инвестициялық қызметтің бір түрі және нарықтық экономиканың күрделі өнімі ретінде түсіну;
б) оны 1. экономикалық үрдісті; 2. келісімшарт түрін (немесе келісімшарттық қатынастардың жиынтығын); 3. қызметтің (биз-

нестің, кәсіпкерліктің) түрін; 4. экономика саласын (лизингтік индустрияны); 5. білім мен ғылымның дербес саласын өзінің құрамына енгізетін көпвариантты ұғым ретінде түсіну;

- лизингтік қызметтің 4 тобы мен 24 нақты аспектілерін бөліп қарастыру арқылы қазіргі заманғы лизингтің аспектілеріне жүйелі түрдегі көзқарас қалыптастыру;

- автор ұсынған лизингтің функциялары жүйесін нақтылау және реттеу арқылы олардың жаңа интерпретациясын беру;

- автор ұсынған лизингтік қатынастардың 12 қосарланған және ұштағанды тұжырымдамалары туралы және олардың қазіргі заманғы нарықтық экономикада өзгеру бағыттары туралы идеялар;

- қаржылық лизингті нарықтық және мемлекеттік реттеу мен ынталандыру механизмдерін жетілдіру туралы ұсыныстар.

Жүргізілген зерттеудің тәжірибелік маңызы мынада: автор жет-



кен нәтижелерді Қазақстанның лизингтік бизнес тәжірибесінде және жоғарғы оқу орындарындағы оқу үрдісінде, шағын және орта кәсіпкерлік секторларындағы менеджерлердің біліктілігін жоғарылату жүйесінде, әсіресе, қаржыландыру көздерін кеңейту туралы ұсыныстары, ислам қағидаттарына негізделген жаңа дәстүрлі емес қаржыландыру көздерін қолдануда, заңдық-нормативтік актілерді жетілдіруде – ҚР-ның «Қаржылық лизинг туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, салықтық, кедендік, инвестициялық реттеу мен ынталандыруда, статистикалық есепті, бухгалтерлік есепті және МСФО №17 қағидаттарына негізделген лизингтік операциялар бойынша қаржылық есеп беруде пайдаланылды.

«Маркетинг» мамандығының және басқа да экономикалық мамандықтарға арналған «Лизинг» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешенді жасағанда, «Лизинг және рендинг», «Лизинг негіздері», «Агроөнеркәсіптік кешендегі лизинг», «Лизинг» курстары бойынша дәріс және тәжірибелік сабақтарды Қазақстанның 12 жоғары оқу орындарында өткізгенде оқу үрдісіне енгізді. Зерттеу материалдары Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрлігі, Сауда және индустрия, Экономика және бюджетті жоспарлау министрліктерінде қолданыс тапты.

Қазақстанның алғашқы лизингтік компаниясының «Агролизинг» АҚ – Бас директорының кеңесшісі (1997-1999 ж.ж.), «ҚазАгроКаржы» АҚ консультанты (1999-2001 ж.ж.), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрлігінің мемлекеттік лизингтік бағдарламасы бойынша консультанты болды.

Оның Үкіметке жасаған ұсыныстары негізінде 2005 жылы ірі лизингтік индустриалды және инфрақұрылымдық инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Даму Банкінің еншілес лизингтік компаниясы- «ҚДБ-лизинг» АҚ құрылды.

1997, 2000, 2004, 2008 және 2011 жылдардағы жаңа жобаларына қорытынды дайындау үшін құрылған Парламенттік жұмыс топтарының мүшесі бола отырып, ол «Қаржылық лизинг туралы», «Лизинг мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңдық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы», «Салық кодексінің жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу мен амортизациялық саясат бөліміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы», «Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі), «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» заңдарындайындауға және оларды қабылдауға белсенді түрде қатысты.

«Лизинг туралы» заң жобасы бойынша автордың келесідей ұсыныстары қабылданды:

1. Заң жобасының атауын өзгерту туралы. Ұсынылып отырған редакцияда ол Қазақстан Республикасының «Қаржылық лизинг туралы» Заңы деп аталды.
2. Заңның 10-бабы бойынша «Лизингтік қызметті лицензиялау туралы» тұжырымдамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу.
3. Лизингтік келісімдерді түрде болуы тиіс маңызды шарттарды белгілейтін Заң жобасының 16-бабының редакциясы жақсартылды.

Ә.С.Смағұлов лизингтік жобалар бойынша «Сорос-Қазақстан» қорының (1995), ЮСАИД/«Евразия» қорының (1999), Қазақстан Республикасы Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінің менеджерлерді оқыту жөніндегі қазақ-неміс жобасының (2005-2007), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстандағы қазіргі заманғы лизингтің жағдайын, мәселелері мен даму болашағын, әлемдік тәжірибе мен Ұлттық экономиканы жеделдетіп модернизациялау контекстінде зерттеу» ғылыми жобасы бойынша 2012-2014 жылдарға арналған гранттарының иегері. Оның «Лизинг» атты кітабы «Сорос-Қазақстан» қоры мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Гуманитарлық білімді жаңарту» бағдарламасы аясында жариялаған оқулықтар және оқу құралдары бойынша конкурстың жеңімпазы атанды. Ә.С.Смағұловтың 2008 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының және төсбелгісінің (2009), білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2009), «ҚазЭУ-ге 50 жыл» (2013) алтын медальдарының, Қазақстанның ғылым және техника саласына қорнекті үлес қосқан ғалымдарға арналған Мемлекеттік ғылыми stipendияны (2014) иеленді.

М.КАНАБЕКОВА,
құқық және экономика институты
директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары,
экономика ғылымдарының кандидаты

ТАУЛЫҚТАР...

«Мен - таулықпын, таудан мен жаратылғам». Хәнтәңірден шабыт шақырып, кара өлеңнің күпісін жамылатын мұзбалақ ақынның сөзі бұл. «Поэзия - азабы мол, ауыр жол». Бұл да Мұқаңның айтқаны. Ауыр болса да, азапқа толы болса да сол жолдан қасқайып жүріп өтті ол. «Ақын сыры қауымнан жасырылмақ емес; сырын жасыруға ақынның шамасы да келмейді. Ол жылай отырып күлгенін, күле отырып жылап алғанын өзі де аңғармайды». Бұл Мұқаңның «Сезім найзағайы» атты макаласынан алынған үзінділер. Қарап отырсаң шабыт иесі ақындық көзқараспен, өзінің ешнәрсені де халқынан жасырмағанын, бүкпесіз, шынайы, ашық әрі айқын болғанын және солай болу керек екенін жеткізіп, өзінің сезінген сырлы сезімімен бөлісіп отыр ма дейсің. Мұқаң бір сөзінде: «Мен үшін дүниенің ең қорлығы - адамның айыбын бетіне басу, оның нашарлығын дәлелдеу», - дейді. Байқасаңыз бұл сөздерінен жан дүниесі мейірім мен имандылыққа толы, табиғатынан жомарт, пенденің көңілін бағып сөйлейтін адам екенін аңғарамыз. Қашанда өткір әрі өр ақынның жүрегі кейде осыныша нәзік болды деп кім ойлаған?..

Сөз жоқ, Мұқаң ғасыр адамы. Мен үшін Хәнтәңірі! Заманынан ерте туған өр тұлға! Сөздері өзі туған жердің аязындай қатты, ойлары таудың таңғы ауасындай тап-таза. Сенің ауамен дем алғандар қандай бақытты десейсің!

Мұқаңның бір өлеңі – бір ғұмыр. Ол мына ала-сапыран уақытқа, заманға, адамдарға қабақ шыға қарап тұрғандай көрінеді маған. Қапалы сияқты. Қапалы дегеннен шығады, Мұқаңның күнделіктерін ақтарып отырып мына бір жазбасы көзіме түсті: «Не көрдің?! Не жетпейді?! Сволочи!!!» (21-апрель 1972-жыл). Қарап отырсаң бұл мына кара өлең мен поэзия деп аталатын алтын қапты қос кітапты сақтап жүрген адамның өткініші, өмірде іші жылымай, көңілі қалып, қапа боп өткен адамдар аз емес екеніне дәлел секелді. Жұмыр басты пенде болғасын шалыс басып, сүрінетінін, қателікке бой алдырып, ар аттап қоятынын сияқты, өмір парағын ақ күйде сақтап өткен адамдар санаулы болар. Айтқым келгені, адам сәл де болса шалыс басып, тура жолдан тайқып кетсе де, жасағанын һәм істегенін ұғынып, саралап, өзіне есеп берген сәтінде өкініп жатса, ол да бір адами жақсы қасиеттің дарығанынан. Бұған дәлел Мұқаңның мына бір жазбасы: «1973-жыл. Бетбұрыс??? Не істеу керек? Ішпеу керек! Ішпеу керек!». Кейде осылай өзіне есеп беріп отырса, енді бірде істеген ісі мен айтқан сөздерін ауыр мінезбен сынап та алатын.

Ақын жаны неткен нәзік десеңізші! Кейбір жандарға бұл бір ақсауақ, маңдайын күнге көрсетпей, қолдарын суыққа шалдырмай өсірген ертедегі ақсүйектердің баласындай елестер, бәлім. Жоқ, бұл бір дүниеге құмартып, соның соңына түскен адам мен туған елі мен жеріне құмартқан адамның сезіміндей мүлдем бөлекше көзқарастар. Махаббат пен гадауат сөзілді бұл да бір екі әлем. Ақынның сыртқы көрінісі алдамшы. Сыртынан бағалап кететіндер оның ішіндегі алапатты қайдан сезсін. Сезбек түгілі, ұғына алмағандары қаншама... Ақын жаны кейде біреуге барып өгіліп жылап отырып шер тарқатқанды, енді біреулерге барып жай ған сырласып, мұңдасып қайтқанды жаны қалайды. Бірақ ондай адамдар аз болса, қайтпек? «Бұл күні менің қатын-баламнан басқа жақымын қалмаған сияқты. Күні-түні келгенде, олардан да шошқа мінез көрем... Мүлде бір жат ортаға душар болған жандаймын. Ешкімге залал істемеп едім ғой, неге бәрі сырт тебеді?!». Жазбаларының ішінен осындай жанына сүйеніш іздеген, мұңын шаққысы келген сәттерін

оқып отырсаң, еріксіз өзекке өксік келіп, тамаққа тығыла қалады.

Уақытты қанша қусаң да, шаң жұтып қаларың анық. Бірақ уақыттан да ұлы, одан да күштірек, одан да жанды, одан да өміршең, Сөзім деген дүние бар. Ол да өзгеге ұқсамайтын өзгеше бір әлем. Ол әлемде



уақыт басты рөлді сомдамайды. Тіпті, оған уақыттың өзі дәрменсіз. Ол жерде ақын мен періште, махаббат пен рух сөйлейді. Осындай өзіндік әлімінде өзгеше тербетіліп, өмір сүріп жатқан жандар қаншама?!

Бастағы қайғым жайлы,
Мұңым жайлы,
Өткерген өксімен күнім жайлы,
Кестелен қуанышты сәттерімді,
Бөзторғай-өлеңдерім шырылдайды.
Мұқаңның туысқан інісі ғана емес, рухани інісі де бола білген белгілі ақын Еркін Ібітанов ағамыз осылайша жан толғанысын білдірсе. Белгілі ақын ағамыз Болат Шарахымбай жүрегінің жыр пернесін нәзік тербетіп, тұтас бір табиғаттың тылсым сыйқырын төрт-ақ жолға сыйдырып «салған» суретті образына қайран қаласың!

Аспантаудың басынан есіп өлең,
Елшең бүйрек, Лабасы төсіменен-
Албан көшіп барады тауға қарай
Керуен-керуен бұлттардың көшіменен, -
дейді ол. Қарап отырсаңыз Мұқаңның соңында - қаншама айтылмаған әңгіме, қаншама жазылмаған жыр, толғанбаған ой қалды. Өзгелерден озық туған өршіл ақынның орны халқымыз үшін әрқашан ерекше болары сөзсіз. Белгілі актер Бекжан Тұрыс ағамыздың орындауындағы Мұқаңның сөзіне жазылған «Арыз жазып кетейін» әні кім-кімді болмасын бей-жай қалдырмайды. Сол себепті мен әңгіме соңын осы бір әннің сөзімен аяқтағым келіп отыр.

Тіршілікте не жетеді көргенге?!
Тек өмірім өтпесе екен шерменде,
Не жыны бар бақыт мені көргенде
Кетеді үркіп енді жете бергенде.
Түсінімің не пәленнің барлығын?
Қайран басым қанғыдың-ау, қанғыдым!
Менің де бір болар шағым болды ғой,
Қайда кетіп барасың сен тағдырым.

Абылай САЙЛАУХАН,
филология институтының 2-курс студенті

Бүгінде бүкіл қазақ елі ұлы ақын Мұқағали мақатаевтың есімін ардақтап, оның туған күнін тойлауда. Осындай игі шара Абай атындағы ҚазҰПУ-інде де жүзеге асырылды. Ақпанның 12-20 күндері аралығында Тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту басқармасы және Жаратылыстану-география институтының бірлесе ұйымдастыруымен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туылғанына 84 жыл толуына орай

қордың төрайымы Бақыткүл Айдарова, Тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бастығы Арман Абдықалықов, университетіміздің мәдениет бөлімінің бастығы, актер Тасболат Омаров, студенттік кәсіподақ ұйымының төрайымы Гүлдана Ынтыбаева төрешілік етті. Сайыс қорытындысы бойынша шешім қабылданып, өнерімен ерекшеленген қатысушылар төмендегіше номинациялар бойынша марапатталды.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ПОЭЗИЯ-ӘН БАЙҚАУЫ

өрнекті өлеңдерімен халықтың қадір-қасиетін айта алған мұзбалақ ақынның шығармаларын кенінен насихаттап, ақынның сөзіне жазылған әндері арқылы жастардың шығармашылыққа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр!» атты поэзия-ән сайысы өткізді. Сайыс 2 кезеңге бөлінді. Байқау ережесі бойынша әр институттан М.Мақатаевтың шығармашылығына қызығушылық танытқан, өлеңдері мен ақынның сөзіне жазылған әндерін жатқа білетін студенттер қатысты. Байқау Мұқағалидың поэзиясы; Мұқағалидың сөзіне жазылған әндер және жас ақындардың жеке шығармашылығы номинациялары бойынша жүргізілді. Бірінші кезеңде өнерімен ерекшеленген 24 студент екінші кезеңге жолдама алды.

Атап айтқанда «Ақсудың қанатымен жазылған жырлар» атты бөлімі бойынша I орын – Педагогика және психология институтының I курс студенті Мадина Сұлтанхан, II орын – Филология институтының I курс студенті Сұңғат Аманбаев, III орын – Филология институтының I курс студенті Тілекқабал Қазиев лайық деп табыла, «Әніменен аспанды тербей тұрар» атты бөлімі бойынша I орын – Жаратылыстану және география институтының 3 курс студенті Нұрдаулет Нұрмахмбетұлы, II орын – Өнер, мәдениет және спорт институтының 2 курс студенті Әсет Құрманбеков, III орын – Педагогика және психология институтының I курс студенті Айжан Үсенова иеленді. «Ақындар салған ізбенен» атты бөлімі бойынша I орынға – Филология институтының 2 курс студенті Нұрболат Үсенов, II – орынға Филол-



20 ақпаны күні №5 оқу ғимаратының акт-залында сайыстың ақтық кезеңі болып өтті. Ақтық кезеңге өткен дарынды студенттеріміз өнер майда-нында күш сынасып, өнерлерін көрсетті. Сайысты Тәрбие ісі жөніндегі проректор Жанатбек Ішпекбаев сөз сөйлеп, ашып берді. Әділқазы алқасының құрамында, «Абай университеті» газетінің бас редакторы Болат Шарахымбай, ақынның туған келіні М.Мақатаев атындағы Халықаралық қоғамдық

гия институтының 2 курс студенті Ермек Жексенбай, III орынға – Филология институтының 2 курс студенті Нұржан Қайыров ие болды. Жеңімпаздарға Тәрбие ісі жөніндегі проректордың мақтау қағазы мен алғыс хаттары тапсырылып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар барлық номинациялар бойынша жеңімпаздарға М.Мақатаев қорының тарапынан сыйлықтар және Құрмет грамоталары табысталды.

МҰҚАҒАЛИҒА АРНАУ

Қазағымның ақиық ақыны едің,
Халқыңа жырларыңмен жақын едің.
Жастайымнан жырыңа сусындағам,
Өзіңе жүрегімнен жақын едім.

Мен де, ата, немере ұрпағыңмын,
Естисің бе, артыңда ұрпақ үнін?!
Аруағыңнан айналдым ақын ата,
Жалғанға жайып салған жыр тағылымын.

Қарасыз алтын астық атырабың,
Жазылмай жыр-дастандар, жатыр әнің,

Бүгін, міне, Мұқағали тойы өтуде,
Сол тойға барлығыңды шақырамын.

Келіңіздер, баршаңа орын берем,
Кен пейілді халқымың жолын берем.
Алматымың төрінде тойын тойлап,
Жыр арнап, өзіңе мен тебіренем.

Орындар әндері тойды ауылда,
Жел тербеген шыбық та жайқалуда.
«Қарасыз» деп жырлаған қайран ақын,
Қара жердің жатыр ғой қойнауында...

Назерке ОРАЗХАН, студент

Известно, что педагогическая практика студентов является обязательной составляющей учебного процесса, во время которой происходит реализация усвоенных на лекциях и семинарах способов деятельности, образовательных технологий, воплощение в жизнь идеалов образования. Педагогическая практика своеобразная проверка правильности сделанного выбора, способностей, интересов, ценностей. Одновременно проверяются качества профессиональной подготовки студента на конкретном рабочем месте, в реальной ситуации. В ходе практики студентам предоставляется возможность реального педагогического взаимодействия с учащимися и освоения школьной действительности с позиций педагога.

Педагогическая практика студентов 4 курса кафедры филологических дисциплин для иностранных граждан Института филологии каждый год проходит в одной из лучших школ города Алматы - в Казахстанско-российской школе-гимназии № 54 им. И.В. Панфилова.

С первых дней практики студенты включаются в педагогический процесс, посещают уроки по русскому языку и литературе и внеклассные мероприятия: классные часы, утренники и спектакли. В этом учебном году студенты участвовали в таких школьных праздниках, как «Проводы масленицы», «День восьмого марта». Таким образом иностранные учащиеся знакомятся с культурой народа изучаемого языка. Студенты с восторгом наблюдали, как выступали дети, как радовались весне. Важно, что студенты были вовлечены в живую школьную жизнь, общались с детьми, своими будущими питомцами.

В этом году студенты-иностранцы имели возможность наблюдать и принимать участие в воспитательных мероприятиях, посвященных 70-летию Победы, Сталинградской битве. Ученики школы подготовили доклады и презентации о событиях военных лет, об истории концлагеря Освенцим, о героях, отдавших жизнь за Родину.

В школе есть замечательный уголок - Музей боевой славы, который собран руками учителей и учеников школы. Мы прослушали рассказ учительницы Нины Петровны Алдоновой о том, как люди приносили памятные предметы о войне и героях: письма-треугольники с фронта, ордена и пожелтевшие фронтовые газеты, предметы одежды - пилотки, фуражки, кители воинов Великой Отечественной войны.

Особенно дорога память о генерале И.В. Панфилове, его семье. Школа носит имя этого

НЕЗАБЫВАЕМАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА



легендарного человека, чьи солдаты и офицеры не пропустили врага к Москве. Есть в музее материалы и фотографии выпускников школы, которые в числе первых отправились на войну и не вернулись. Школа свято чтит их память. Гости, иностранные студенты, были потрясены

улыбанным и увиденным во время литературно-музыкального выступления учеников в музее. Звучал голос знаменитого диктора Левитана и песня Владимира Высоцкого о друге, который «не вернулся из боя».

Известно, что профессиональный опыт и мастерство обретаются в ходе решения педагогических задач. Для педагога-профессионала значимы следующие вопросы - как провести проблемный урок, как сочетать групповую, коллективную и индивидуальную работу учащихся на уроке, как обеспечить в ходе занятия

проведены в средних классах на темы «Имя числительное» и «Имена собственные имена» преподавателями кафедры С.Б. Бегалиевой, В.А. Казабеевой, Т.Т. Айтказиной, Б.С. Балгазиной, Д.А. Алиевой, Л.К. Мамытбековой. Идея проведения такого комплексного урока принадлежала зав. кафедрой С.Б. Бегалиевой и поддержке руководителя подпрактики Брулевой Ф.Г., а также учителями предметниками школы № 54 А.А. Карамуллиной и Н.П. Алдоновой.

Цель такого нестандартного урока состояла в том, чтобы вовлечь студентов-иностранцев в живой педагогический процесс урока по русскому языку, развивать их речевые навыки, показать, как работают учителя и ученики казахстанской школы, прививать интерес к профессии учителя. Доценты и профессора нашей кафедры, проводя такой мастер-класс в средней школе, лишней раз подтвердили основополагающий тезис о необходимости тесной связи педагогического вуза с современной средней школой. Присутствовавшие высоко оценили такую инновационную форму урока и пришли к выводу, что необходимо чаще практиковать такую совместную работу, университетских и школьных педагогов.

Во время уроков студентам предоставлялась возможность узнать, как можно реализовать усвоенные на занятиях образовательные технологии, приемы педагогического взаимодействия.

Таким образом, во время педагогической практики студенты получают возможность интегрированно использовать полученные в вузе теоретические знания по предметам психолого-педагогического и языковых циклов, получить целостное всестороннее представление о педагогическом процессе, о содержании, формах и методах учебно-воспитательной работы с учащимися, их родителями, учителями.

Руководитель подпрактики
Ф.Г. БРУЛЕВА,
кафедры к.п.и. профессор
Б.С. БАЛГАЗИНА, к.п.и. профессор

Я – ИЗ УЧИТЕЛЬСКОЙ ДИНАСТИИ!

Заканчивая школу, каждый из нас задумывался о выборе профессии. Конечно, выбор профессии – это достаточно серьезный вопрос, к которому стоит подходить обдуманно, ведь это очень важный шаг для будущего каждого человека. Во-первых, нужно учитывать свои личные интересы. Во-вторых, оценить собственные способности. В-третьих, проанализировать соответствие своих личных качеств с теми качествами, наличия которых требует выбранная профессия. В-четвертых, изучить возможные жизненные перспективы, которые даст та или иная профессия. На выбор профессии могут повлиять и семейные традиции.



Мы видим мир так, как нас научили... С ранних лет я уже знала, кем я хочу стать. Несомненно, на мой выбор повлияла профессия моей бабушки и матери. Моя мама – Ахметова Нурлыхан Тулеповна – учительница русского языка и литературы в средней школе имени Майлыхожи села Ынтымак Сарыагашского района Южно-Казахстанской области. Она имеет 24 лет опыта работы, является учителем высшей категории. Она и есть педагог, тот самый, который проводит большую часть жизни в школьных стенах, всем сердцем принадлежит своим школьникам. У нее свой подход к работе, к нему привыкли ее ученики, она играет с ними в игры, которые помогают запомнить новый материал. Она знает свою работу и наслаждается ею.

Но наша династия педагогов начинается с бабушки – Ахметовой Шарапат Амановны, она 39 года проработала в школе, преподавала русский язык и литературу в начальных классах. Она подает прекрасный пример молодым преподавателям. Сейчас она на пенсии, но не перестает делиться опытом.

Профессиональное наследие нашей семьи я бы хотела в будущем передать своим детям, чтобы им было на кого равняться, как сейчас я равняюсь на свою маму и бабушку. В данной момент я учусь в Институте филологии Казахского национального педагогического университета имени Абая. В будущем я тоже стану учителем русского языка.



В нашей группе 14 человек, многие из них выбрали эту профессию по той же самой причине, что и я. Например, моя сокурсница – Сембиева Кундыз. Ее мама – Халенова Зоя Молдашевна – преподает уже 35 лет в Новобогатинской средней школе Атырауской области, за свою работу она получила несколько наград. Еще одним примером для подражания является мать Рустембековой Жансаи – Апекова Гульзат Рахымжановна, которая раньше преподавала в вузах города Тараз, а в данный момент, находясь на пенсии, продолжает поддерживать связь со своими коллегами и студентами.

Мир профессий – необычный мир. Беседа с родителями о своем будущем, я поняла, что человек сам отвечает за свой выбор, я поняла, что нет плохих профессий. Все профессии хороши! И прежде чем выбрать свою, человек должен знать, чего он хочет. Профессия не должна быть обязательно героической или высокооплачиваемой, главное, чтобы она была творческой и интересной, и тогда успех тебе будет гарантирован. Я твердо убеждена в том, что смогу стать хорошим учителем, и решила стать учителем русского языка и литературы. Родители были удивлены моему выбору стать преподавателем русского языка, но они отнеслись к этому вполне положительно. Они знали, что я справлюсь, увидели мои успехи в области гуманитарных дисциплин и даже порадовались, что их дочь хочет унаследовать семейную профессию. Они с радостью поддержали мой выбор, и теперь я стремлюсь к своей мечте.

Айғаным ЕШИМОВА, студентка 2-ого курса спец. «Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения»

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанынан 2014-2015 оқу жылының екінші жартысында Білімгерлерді қабылдау мен мамандар даярлауды бақылау орталығы ашылған-ды. Орталықтың жұмысы 2010-2014 жылдар аралығындағы Қабылдау комиссиясы жұмысының нәтижесін саралаудан басталды. 2010-2014 жылдар аралығындағы университетімізге қабылданған талапкерлер санының төмендеу динамикасын Қабылдау комиссиясы қорытындыларының нәтижесінен көруге болады.

2015 жылдың қаңтар айында Құқық және экономика институты Алматы облысы Жамбыл және Іле аудандық Білім бөлімдерімен өзара келісе отырып, екіжақты «Ынтымақтастық» келісім-шарттар түзген болатын. Келісім-шартта көзделген талаптар негізінде университет жанынан ашылған орталықтың ұйымдастыруымен университет деңгейінде кәсіби-бағдар беруші топ құрылып, 2015 жылдың 11 наурызында Жамбыл ауданының Мәдениет үйінде Жамбыл ауданына қарасты Т.Рысқұлов, С.Бердіқұлов, А.Қарсақбаев, Наурызбай батыр атындағы орта мектептер мен Абай атындағы мектеп-гимназия, Қарғалы №3 және №8 орта мектептерден жиналған 253 мектеп бітіруші оқушылармен кездесті. Кәсіби-бағдар

КӘСІБИ-БАҒДАР БЕРУ МАҚСАТЫ – ТАЛАПТЫ ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ТАРТУ



беруші топ келесі құрамда жасақталып, кәсіби-бағдар жұмыстарын жүргізді: Битұрсын Ғалымжан - Құқық және экономика институтының директор орынбасары, Орынтаев Жамбыл - з.ғ.к., профессор – Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі, Есенова Қалбіке - ф.ғ.д., профессор – Жалпы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, Ибатов Гаухар - п.ғ.магистрі – Арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Әсембайұлы Ерлан - филол.ғ.к. – Шығармашылық мамандықтар кафедрасының аға оқытушысы.

Кездесу барысында Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихы мен жетістіктерін баяндайтын бейнероликті көрген болашақ талапкерлер университетіміздің қазақ даласында тұңғыш ашылған ЖОО екендігін және қазақ қоғамындағы С.Асфендияров, С.Сейфуллин, М.Ғабдуллин, Х.Досмұхамедов, А.Байтұрсынұлы сынды дарабоз тау тұлғалардың еңбегі сіңген киелі білім ордасы екендігін ұғынып, көрсетілім соңында қызығушылықтарының артқандығын жасырмады. Көрсетілімнен кейін университет атынан жасақталған кәсіби-бағдар беруші топ университетте дайындалатын 52 мамандықтар бойынша жеке-жеке тоқталып, үш деңгейлі білім жүйесі мен маман иелерінің болашағы туралы түсіндірмелер берді. Сондай-ақ, университетіміздегі академиктер, ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары, университетіміздегі қосдипломдық білім беру жүйесі, I курс студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету мүмкіндігі, әлеуметтік көмекке мұқтаж студенттерге әлеуметтік жәрдем көрсету үрдісі, интернет (WIFI) желілері мен компьютерлік (интерактивтік тақталар) кластар, арнайы құрылғылармен жабдықталған оқу-әдістемелік кластар, ер балалар үшін әскери кафедрада оқу мүмкіндігі туралы ақпараттар берілді. Сонымен қатар, халықаралық деңгейде университет жанынан ашылған Сорбонна-Қазақстан институты, университетіміздің мәртебесін айшықтайтын мамандықтар бойынша дайындалған буклеттер, ақпараттар мен жарнамалар кездесуге жиналған оқушыларға толық таратылып, Білім бөлімінің қызметкерлері мен мектеп мұғалімдеріне үлестірілді. Ақпарат алмасу кезінде профессор-оқытушылардың жауаптарына қанағаттанып, қызығушылық танытқан оқушылармен бірге екінші жоғары білім алуға ниет білдірген мұғалімдер де мәлім болды.

Екіжақты «Ынтымақтастық» келісім-шартының негізінде мектеп бітірушілермен кездесуге мүмкіндік туғызған Жамбыл аудандық Білім бөліміне алғысымызды білдіреміз.

Ғалымжан БИТҰРСЫН, Құқық және экономика институты директорының орынбасары

ИМАНДЫЛЫҚ ДӘНІН СЕПКЕН АҚЫН АҒА

Қаншама ауыр кезеңдерді басынан өткерген Қазақ елінің тарихы тереңде жатыр... Егемен ел болу үшін, бейбіт өмір сүру үшін батыр бабаларымыз аянбады, бар күш-жігерлерімен күресті. Жонғар шапқыншылығы, патша үкіметінің отарлауы, желтоқсан көтерілісі. Осы бір салмағы ауыр жылдар халқымызды бытыратып, әр тарапқа жіберген болатын. Бүгінде өзге жерде жүрсе де, қазақтығын сақтаған, ата жұртты аңсаған қаңдастарымыз елімізге қайта оралуда.

Қазақстан Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі, ақын-журналист Дәулетбек Байтұрсынұлы 1964 жылы ҚХР Іле қазақ облысы, Төңір тауы бөктерінде дүниеге келген. 1988 жылы Шыңжаң оқу-ағарту институтының физика факультетін бітіреді. Монғолкүре аудандық №1 орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, Құлжа қаласындағы Саяси мектепте бірлікпен және зиялылар мәселесі бойынша ұстаздық қызмет атқарады. 1994 жылы Қазақстанға қоныс аударды. Отанын аңсап келген ақынның арманы 1996 жылы толық орындалды десек, қателеспеген болар едік. Өйткені дәл осы жылы Дәулетбек Байтұрсынұлы Қазақстан Республикасының азаматы атанды. Қытайда жүргенде ақынның өлеңдері үздіксіз жарияланып тұрған. Елге келген соң да Дәулетбек Байтұрсынұлы шығармашылығын жалғастырады. «Халық кеңесі», «Ислам және өркениет» газеттерінде жұмыс істейді. Қазақстан Жазушылар одағының жанынан шыққан «Әдебиет айдыны» газетінде тілші, жауапты хатшы, Бас редактордың орынбасары болып қызметтерін абыроймен атқарады. Түркияның Елазық қаласында өткен түркі мемлекеттерінің халықаралық «Назар чирі ақшамлары» фестивалінің дипломаты, Қырғыз Республикасының «Молда Бағыш» атындағы әдеби сыйлығының лауреаты атанған. Қазір халықаралық мәдени-интеллектуалды Диалог Еуразия Платформасының «da Қазақстан» журналының Бас редакторы болып қызмет істеп жатыр. Еліміздің атын әлемге әйгілеп жүрген ақын ағамыздан жастар қауымы үлгі алуы тиіс. Осы мақсатта Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде С.Сейфуллин атындағы әдеби шығармашылық өнер бірлестігінің мүшелері «Имандылық дәнін сепкен ақын аға» атты әдеби кеш өткізді. Ерекше көрініспен ашылған кеш бірден көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Кешке Тұрсынбай Дәулетұлы, Жарқын Сәлеуұлы, Саят Қамшыгер сынды азаматтар да келіп, аға буын мен іні буынның арасындағы байланыс жандана түсті. Студенттер ақынның «Күнәсіз мекен», «Маңгілік мекен», «Ләтпа



лүлі», «Сенің арқаң» атты кітаптарынан өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқып, өздері де ағаларына жыр-шумақтарын арнады. Имандылыққа, ізгілікке жетелейтін Дәулетбек Байтұрсынұлының өлеңдеріне I-курс студенті Анапияева Салтанат шәкірттік талдау жасап, замандастарын ақынның жырларынан өнеге алуға шақырды. Білім алуға құлшынып тұрған жастарға Дәулетбек аға өз кітаптарын сыйлады. Студенттер де ақынға тарту жасады. Аға буын өкілі мен жастардың кездесуіне ықпал жасап, осы кешті ұйымдастырған Темірхан Тебегенов, Ақманат Шамахова сынды ұстаздарымызға алғысымыз шексіз.

Анар ӘЖІАЛИЕВА, I-курс студенті

МОЙ СОВЕТНИК – МОЙ КУРАТОР

Студенческое жилье - это место захватывающих приключений и интересных событий. №3 общежитие КазНПУ имени Абая, где живут студенты института полиязычного образования и филологии, тоже не исключение.


3 апреля 2015 года в этом общежитии прошел «День общежития», организованный кафедрой восточных языков института полиязычного образования, инициаторами которого стали ст. преподаватели кафедры восточных языков Рая Кадысовна и Асель Муратбаевна. В читальном зале общежития преподаватели кафедры восточных языков рассказали студентам о здоровом образе жизни, о том, как не ошибиться при выборе друзей, как правильно планировать свой день, и том, как стать успешным, в сопровождении слайдов.

Рая Кадысовна поведала о правильном питании и о правилах приема пищи в исламе, Сатбай Гулназ описала пути достижения успеха. Жители общежития с удовольствием поделились своими мыслями и задавали интересующие их вопросы. Также были затронуты темы дружбы, человечности, чистоты тела и духа, и пути достижения успеха. В завершении, несколько студентов рассказали о том, как проводят свободное время и планы на летние каникулы.

В конце мероприятия проведено пятиминутное психологическое тренинг-упражнение. Студенты остались довольны. Преподаватели дали ценные и полезные советы, которые пригодятся нам в будущем. Мероприятия такого рода проводятся достаточно часто преподавателями других кафедр и институтов нашего университета и надеемся, что это не последний раз.

Айгерим ОРАЗОВА, студентка I-курса ИПО



 <p>МЕНШІК ИЕСІ: АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p>Бас редактор Болат ШАРАХЫМБАЙ</p> <p>Көркемдеуші-дизайнер Сержан ҚАСЫМОВ</p> <p>фототілші Серік ИМАНҚҰЛОВ</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы:050010 Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30-үй, № 323-бөлме. Байланыс тел.: +7 /727/ 291-18-65 Газет бүкіл республикаға тарайды.</p>	<p>Тапсырыс № 69 Индекс 65285 Таралымы 4000 тираж • Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. • Редакцияға түскен материал қайтарылмайды.</p>	<p>Газет «УЛАФАТ» баспасының баспаханасында басылды. Баспа директоры Әлібек НАУРЫЗБАЕВ Баспаның мекен-жайы: 050010 Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30 - үй.</p>
---	--	--	--	---